БЕЙСЕНБІ №18 (4412)
15.02.2024

AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

4 870202 250024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ИСЛАМ ӘЛЕМІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 13-14 ақпан күндері Қатарға мемлекеттік сапармен барды. Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни Қазақстан Президентін Diwan Amiri сарайында қарсы алды.

Келіссөз алдында Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Қазақстан Президенті мен Қатар Мемлекетінің Әмірі келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қатар Әмірінің шақыруын зор ризашылықпен қабыл алғанын жеткізді. Президент осы елге алғаш рет мемлекеттік сапармен келіп отырғанын, сондықтан оның мән-маңызы ерекше екенін атап өтті.

– Қатар – ислам әлеміндегі біздің сенімді әрі маңызды әріптесіміз. Екі елдің қарым-қатынасына тың серпін беретін кез келді деп ойлаймын. Қазақстан мен Қатар байланыстарын толық стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеруді ұсынамын. Сапар кезінде өте маңызды құжаттарға қол қойылады. Бұл келісімдер біздің ынтымақтастығымызды стратегиялық деңгейге көтереді. Біз үшін Қатар өте ерекше ел, сіздермен байланыстарымызды жоғары бағалаймыз. Сондықтан бұл қатынастарымызды одан әрі дамыту үшін күш-жігерімізді саламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни Қазақстан Президенті сапарының мән-маңызына тоқталды.

– Жоғары Мәртебелі Президент мырза, біздің елімізге ең алғашқы мемлекеттік сапармен келіп отырғаныңызға қуаныштымын. Бүгінгі келіссөздер екі ел арасындағы қарым-қатынастарды еселей түсетініне сенемін. Біз Астанада да кездестік. Бүгінгі жүздесуіміз бұрынғы келіссөздер негізінде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуын қадағалап, алдағы жоспарларды айқындауға мүмкіндік береді. Екіжақты ынтымақтастық аясында энергетикалық, сауда-экономикалық және инвестициялық жобаларды іске асыруға мүдделіміз. Осы сапар аясында біздің елдің ірі бизнес өкілдерімен кездесулер өткізесіз. Бұл аталған салалардағы ықпалдастықты ілгерілетуге тың серпін беретініне сенімдімін, – деді Қатар Әмірі.

(Жалғасы 2-бетте)

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСТЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Қазақстан Президенті Қатар Мемлекетінің Консультативтік Кеңесі мүшелерінің алдында сөз сөйлеп, қазіргі жаһандық және өңірлік күн тәртібіне қатысты Қазақстанның ұстанымын білдірді. Президент Қатарға алғашқы мемлекеттік сапары кезінде қонақжайлық көрсеткені үшін Әмір Тәмим бен Хамад Әл Тәниге алғыс айтты.

Айта кету керек, Қасым-Жомарт Тоқаев – Консультативтік Кеңестің алдында сөз сөйлеген алғашқы шетел президенті. Мемлекет басшысы Қатардың 2021 жылы заң шығарушы органға алғаш сайлау өткізгенін атап өтіп, бұл шешімнің маңызы зор екеніне назар аударды. Оның айтуынша, аталған бастама Қатардың өркендеуіне ықпал етіп, халықаралық беделін нығайтады.

– Бүгінде Қатар – озық және қарқынды дамып келе жатқан экономикасымен, сондай-ақ белсенді әрі бейбіт сыртқы саясатымен танымал. Жоғары Мәртебелі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнидің басшылығымен сіздердің еліңіз үлкен жетістіктерге жетті. Қатар өзінің қуатты экономикасын және өркендеген қоғамын мақтан тұтуына болады. Біз бұл мемлекеттің «Қатар – 2030» ұлттық бағдарламасын жоғары бағалаймыз. Мен қатарлық достарымызға осы игі миссияны жүзеге асыру жолында сәттілік тілеймін. Осыған байланысты Консультативтік Кеңес ауқымды реформаларға аса маңызды заңнамалық қолдау көрсетеді және негізгі ішкі процестерді қадағалап отырады, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сот төрелігі, заң үстемдігі, теңдік және жауапкершілік қағидаттарына негізделген «Әділетті Қазақстанды» құру жөнінде айтты. 2022 жылы еліміздің саяси жүйесін кең көлемде жаңғырту үдерісі басталды.

– Қазақстан барынша инклюзивті саяси жүйе мен экономика құрып жатыр. Біз есеп беру және реформа жүргізу қағидаттарын ұстанамыз әрі өткенімізге шынайы көзқараспен қараймыз. Өз дамуымызды мақтан тұтамыз және болашаққа батыл қадам басамыз. Сондай-ақ адам құқықтарын сақтауға бейілдіміз. Гендерлік теңдікті сақтау, еңбекті қорғау сияқты бірқатар бастаманы жүзеге асырып жатырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапар барысында қазақ-қатар инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысты.

Президент екі ел арасындағы экономикалық қатынастарды дамытуға тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін Қатар Үкіметі мен Қатар кәсіпкерлері қауымдастығына алғыс айтты. Оның айтуынша, әлем бұрын-соңды болмаған сын-қатерге тап болған қазіргідей кезде саяси ерік-жігер мен экономикалық белсенділікті ұштастыру өте маңызды.

– Бүгін мен Қатар елінің басшылығымен нәтижелі кездесу өткіздім. Біз түрлі сала бойынша уағдаластықтарға қол жеткіздік және елдеріміздің үкіметтеріне оларды жүзеге асыру үшін тығыз байланыста жұмыс істеуді тапсырдық. Менің сапарым біздің көпжақты қатынастарымызды одан әрі нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына сенімдімін. Жоғары Мәртебелі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнидің басшылығымен Қатар зор табысқа жетті. Көптеген ел сіздерден үлгі алады. Сіздердің ғажайып елдеріңіз – экономикасы қарқынды дамыған, тұрмыс деңгейі жоғары, қоғамы өркендеген мемлекет ретінде танымал. «Қатар – 2030» ұлттық бағдарламасында жаңғыру мен ұлттық құндылықтар өзара нақты әрі ерекше үйлесім тапқан. Барша қатарлық достарымызға осынау игі мақсатқа жету жолында табыс тілеймін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз таңдаған бағыттың кейбір тұстары Қатармен ұқсас екенін айтты. Қазақстанның ашық есік саясатына, орасан зор ресурсына және еркін нарыққа қатысты реформаларына шетелдің, соның ішінде Қатардың көптеген компаниясы назар аударды. Әртараптандырылған және орнықты экономиканың негізін қалау – Қазақстанның басты міндеті.

– Мен жаңа экономикалық бағытты ұсындым. Аталған бастама анағұрлым қуатты әрі қарқынды дамыған ел құру мақсатында құрылымдық реформаларды жүзеге асыруға бағытталған. Бұл – өршіл, бірақ орындалатын міндет. Былтыр Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 265 миллиард долларды құрады. Біздің ендігі мақсатымыз – осы көрсеткішті 2029 жылға қарай 450 миллиард долларға жеткізу. Өткен жылы экономикалық өсім 5,1 пайызға жетті. Бұл әлемдік экономиканың болжамды даму қарқынынан шамамен екі есе көп. Біз ортамерзімді перспективада экономиканың өсімін кемінде 6 пайыз деңгейінде ұстап тұруды жоспарлап отырмыз. 2022 жылы шетелден 28 миллиард доллар көлемінде тікелей инвестиция тарттық. Ал сыртқы сауда айналымы 136 миллиард долларға жетті. Қазақстан Орталық Азияда тікелей шетелдік инвестиция келетін негізгі ел болып қалуы үшін ең жоғары әлемдік стандарттарға сай жаңа инвестициялық циклды іске қостық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылардың басым бөлігі қазақ-қатар экономикалық қатынастарының табысты дамуына өз үлесін қосатынына сенім білдірді. Мемлекет өз тарапынан салық және кеден жеңілдіктерін ұсынуға, жобаларды бірлесе қаржыландыруға, ішінара кепілдік беруге және экспортты қолдау тетіктерін іске қосуға дайын.

(Жалғасы 2-бетте)

Шәкен Айманов – 110 жыл

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ БАҒЫНА ТУҒАН ҚҰБЫЛЫС

Жолсызда жүріп жол табу, шөлейтті жерде су табу қандай қиын болса, өнерде жүріп алғашқы атану да оңай емес. Себебі барлық дүниені басынан бастау керек. Оған «дем салып, жан бітіру» қажет. Әйгілі Хафиз «Қызды ең бірінші гүлге теңеген ақын – ақын, ал екінші теңегендердің ақындық қабілеті күмән тудырады» дейді. Өнерде өзіңе дейінгі салып берген сара жолмен жүрмей, дара жолмен жүріп із қалдырғанды «құбылыс» дейді. Қазақтың дархан даласы осындай дарындардан кенде емес еді. Соның бірегейі – ғұмырын кино саласына арнаған бірегей талант Шәкен Айманов болатын. Бүгін осынау біртума жанның дүниеге келгеніне – 110 жыл.

6 ▸▸

ТІРКЕМЕДЕГІ ЖАРНАМАҒА ТІЗГІН КЕРЕК

Елімізде жарнама саласы реттелген: ақпарат құралдарындағы, көшедегі сыртқы және көрнекі жарнамаға, оның түр-сипаты мен мазмұнына қатысты талаптар қойылған. Әйткенмен, заң аясынан тыс қалған түрі де анықталды. Әңгіме автокөлік тіркемелеріндегі жарнама туралы болып отыр. Үкімет оны да мемлекеттік реттеу жөнін қарастыруда.

4 ▸▸

БЕС ЖЫЛДА АСАР БЕЛЕСІМІЗ ҚАНДАЙ?

4 БЕТ

ТАБЫС КӨБЕЙМЕЙ, ТҰРМЫС ТҮЗЕЛМЕЙДІ

5 БЕТ

ИСЛАМ ӘЛЕМІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы қазір қазақ-қатар қарым-қатынастары кейінгі 30 жылда ең жақсы кезеңді бастан өткеріп отырғанын атап өтіп, Әмірдің Астанаға жасаған мемлекеттік сапарын еске салды. Президенттің айтуынша, елдеріміз арасында тығыз саяси диалог, кеңейіп келе жатқан экономикалық серіктестік және табысты мәдени-гуманитарлық байланыстар қалыптасқан. Екі ел арасында соңғы үш жылда қол қойылған келісімдер әртүрлі саладағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға берік негіз болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатарды жақын болашақта Қазақстандағы ең ірі инвесторлардың ондығына кіреді деп есептейтінін жеткізді. Президент Қазақстанның Қатар нарығына жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60 шикізаттық емес тауар түрі бойынша экспортты ұлғайтуға дайын екенін айтты. Сонымен қатар жақын арада тауар айналымын 500 миллион долларға дейін арттыру туралы айтылды.

Келіссөз барысында ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, туризм мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Қатарды Шығанақ пен Орталық Азияны байланыстыратын интермодальды көлік желісін дамыту үшін күш-жігер біріктіруге шақырды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапары аясында Қатар Мемлекетінің Премьер-министрі – Сыртқы істер министрі шейх Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Тәнимен келіссөз жүргізді.

Қазақстан Президенті қонақжайлық көрсеткені үшін Қатар Мемлекетінің Премьер-министріне алғыс айтты.

– Осы сапарды дайындауға атсалысқаныңыз үшін Сізге шын жүректен ризашылығымды білдіргім келеді. Сапар шынымен сәтті болды. Біздің қарым-қатынасымызға тың серпін беретін құжаттар топтамасына қол қойылды. Жоғары Мәртебелі Қатар Әміріне айтқанымдай, біз өзара байланыстарды стратегиялық серіктестік деңгейіне көтердік. Бұл өте үлкен жетістік деп санаймын. Мен осындай нәтижеге қол жеткізгенімізге қуаныштымын. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмай, алға қадам басып, өзара ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін қарастыруымыз керек, – деді Қ.Тоқаев.

Қатар Премьер-министрі сапармен келгені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, соңғы жылдары мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастардың айтарлықтай жанданғанын атап өтті.

– Біз соңғы жылдары бұрын-соңды болмаған және айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік. Өзіңіз айтқандай, бұл өз-өзінен бола салған дүние емес. Екіжақты қатынастарда одан да зор жетістіктерге жету үшін жұмысты жалғастыру қажет. Елдеріміз арасындағы қарым-қатынастардың стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне өте қуаныштымын. Екі елдің мол әлеуеті бар деп санаймыз, – деді шейх Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Тәни.

ИНВЕСТИЦИЯ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Дохаға мемлекеттік сапарының аясында Қатардың ірі бизнес құрылымдарының басшыларымен бірқатар кездесу өткізіп, Al Faisal Holding компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Фейсал бен Қасым Әл Тәниді қабылдады.

Қазақстан Президенті Al Faisal Holding компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, Қатар кәсіпкерлері қауымдастығының төрағасы, Қазақстанмен іскерлік ынтымақтастықты үйлестіруші Фейсал бен Қасым Әл Тәнимен әңгімелесу барысында екіжақты экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты нығайту мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Qatar Investment Authority компаниясының бас атқарушы директоры Мансур Ибрагим Әл-Махмудты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Qatar Investment Authority компаниясы мен «Самұрық-Қазына» қоры арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық екі елдің экономикалық серіктестігінің қозғаушы күші бола алатынын атап өтті.

Өз кезегінде Мансур Ибрагим Әл-Махмуд Қазақстанның қаржы нарығына шығу, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешені өнімдерін терең өңдеуге қатысты жобаларды жүзеге асыру жоспары жөнінде айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев іскерлік кездесулер барысында Қатардың Power International Holding компаниясының иелері Муатаз Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаятты қабылдады. Кездесуде экономиканың түрлі секторындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды.

Айта кету керек, Қатардың Power International Holding компаниясы негізгі қатысушы саналады. Муатаз Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаят Президентке Қашағанда газ өңдеу зауыттарын, Қызылорда облысында бу-газ қондырғыларының технологиясына негізделген электр стансасын салу жоспары жөнінде мәлімет берді.

Сапар аясында Мемлекет басшысы Nebras Power компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Нассер Әл-Хаджриді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге баса мән беретінін айтты. Осыған орай Мемлекет басшысы Nebras Power компаниясының елімізде жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қызығушылық танытып отырғанын жоғары бағалады.

Өз кезегінде Мұхаммед Нассер Әл-Хаджри «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамымен бірлесіп, Қазақстанда су-энергетика жобасын жүзеге асыруға қатысты жоспарын жеткізді.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШЫЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

– Жуырда біз Инвестициялық кеңес құрдық. Оған Премьер-Министрдің бірінші орынбасары төрағалық етеді. Кеңес шұғыл шешім қабылдау және жан-жақты мемлекеттік қолдау арқылы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына ықпал жасайды. Қатар компанияларын бизнес жүргізу үшін тың мүмкіндіктерді қарастырып, Қазақстан нарығына инвестиция салуға шақырамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы серіктестікке тың серпін беру үшін жоғары деңгейдегі Қазақ-қатар бірлескен комиссиясының және Іскерлік кеңестің жұмысын жандандыруды ұсынды. Қазақстан тарапы жақында ратификацияланған Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімнің екі ел арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты нығайта түсетініне сенім білдіреді.

– Бүгін Жоғары Мәртебелі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнимен кездесу барысында мен алғашқы қадам ретінде екіжақты сауда көлемін жарты миллиард долларға дейін ұлғайтуды ұсындым. Біз Қатар нарығына машиналар, темір, болат, ауыл шаруашылығы өнімдері және басқа да жоғары сапалы тауарларды жеткізе аламыз. Сонымен қатар Қазақстан ЖІӨ көлемі 2,6 триллион доллар болатын Еуразиялық экономикалық одақ нарығына жол аша алады. Біз Қытаймен шекаралас елміз. Бұл «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында сауда-саттық жүргізуге жақсы мүмкіндік,– деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бүгінде визасыз режим мен апта сайын ұшатын 20-ға жуық тікелей рейстің арқасында Қазақстан мен Қатар байланыстары бұрынғыдан да нығая түсті. Бұған қоса, еліміз өзінің көлік-логистикалық әлеуетін әртараптандырумен және кеңейтумен белсенді түрде айналысып жатыр.

– Каспий теңізіндегі ең ірі хабтардың бірі саналатын Ақтау порты, Астана және Алматы халықаралық әуежайлары, қарқынды дамып келе жатқан көптеген теміржол және автомобиль жолдары, сондай-ақ жоғары сапалы логистика тораптары мен хабтар ірі инфрақұрылымдық жобаларымыздың қатарына кіреді. Біз Транскаспий халықаралық көлік бағытынан немесе Орта дәліздің дамуынан зор үміт күтеміз. Қатар компаниялары мен қаржы институттары осы саладағы бизнес пен инвестиция мүмкіндіктерін қарастыру арқылы қомақты пайда табады деп санаймыз. Бүгін біз жалпы инвестициялық құны 18 миллиард долларға жуық түрлі коммерциялық құжатқа қол қоямыз. Бұл экономикалық ынтымақтастықты дамытуға батыл кіріскенімізді көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика секторы екі ел экономикасының негізгі қозғаушы күші саналатынын айтты. Қазақстан мұнай және газ қорын барлау үшін мол мүмкіндіктер ұсынуға дайын.

– Біз маңызды кен орындарын ашу үшін әлемдегі үздік тәжірибелерді енгізіп жатырмыз. Осыған орай энергетика саласындағы Қатар компанияларын геологиялық барлау, мұнай химиясы, мұнай мен газды тасымалдау, өңдеу жобаларына белсенді атсалысуға шақырамын. Бүгін Power International Holding компаниясымен Қашаған кен орнында газ өңдеу зауыттарының, сондай-ақ Бейнеу – Бозой – Шымкент және Ақтөбе – Қостанай газ құбырларының құрылысы туралы келісімдерге қол қою жоспарланып отыр. Бұл – келешегі зор бастама. Қашағанда тағы бір газ өңдеу зауытын салуға қатысты келіссөздер көп ұзамай нақты нәтиже береді деп үміттенеміз, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жаңартылатын энергия секторындағы ықпалдастық мәселесіне арнайы тоқталды. Қазақстанның бір триллион-киловатқа бағаланған жаңартылатын энергия көздерінің әлеуеті осы саладағы жаһандық ойыншылардың назарын аударды. Жалпы алғанда, олар 43 гигаватт қуат өндіретін бірнеше жобаны жүзеге асыруға міндеттеме алды.

– Nebras Power компаниясының Қазақстанда қуаты 350 мегаватт болатын су электр стансасын салу ниетін, сондай-ақ Pearl Overseas компаниясының қуаты 1,1 гигаватт болатын бу-газ қондырғысын орнату жоспарын жоғары бағалаймыз. Біз осы аса маңызды сектордағы өндіріс, технология трансферті және тәжірибе алмасу бағыттары бойынша серіктестікті жалғастыруға мүдделіміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар компанияларын кобальт, литий және басқа да әлем экономикасына қажет аса маңызды шикізат түрлерін өндіру және өңдеу ісіне атсалысуға шақырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, цифрландыру секторы – екі елдің күн тәртібіндегі басым бағыттардың бірі. Қазақстан мен Қатар жетекші технологиялық орталыққа айналуға ұмтылады.

– БҰҰ Қазақстанды цифрлық технологияларды бейімдеу бойынша үздік 30 елдің қатарына қосты. Соңғы үш жыл ішінде IT саласындағы экспорт 16 есе ұлғайып, шамамен 500 миллион долларды құрады. Бәсекеге қабілетімізді арттыру үшін суперкомпьютерлер мен деректерді өңдеу орталықтарын құра отырып, жасанды интеллектінің жаңа технологияларын әзірлеуге кірістік. Көршілес елдермен бірге Каспий теңізінің табаны арқылы оптикалық-талшықты байланыс желісін жүргізуді және Шығанақ елдерімен оптикалық байланыс желісін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыруды көздеп отырмыз. Power International Holding компаниясының Қазақстандағы телекоммуникация нарығында негізгі ойыншылардың біріне айналу жоспарын құптаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті медицина, фармацевтика және биотехнология салаларындағы байланыстарды екі ел ықпалдастығының тағы бір маңызды бағыты ретінде атап өтті.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қатар іскер топтарының арасында бірқатар құжатқа қол қойылды.

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСТЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан мен Қатар берік достық байланыстарға, ортақ құндылықтарға және өзара қолдауға негізделген сенімді серіктестік қатынастарды құптайды.

– Осы уақытқа дейін біз экономиканың түрлі бағытында, соның ішінде энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және туризм салаларында көптеген бірлескен жобаны жүзеге асырдық. Алдағы уақытта Қатардың Қазақстандағы ең ірі 10 инвестордың бірі болуына мүмкіндік мол. Әмірмен кездесуде біз сауда көлемін ұлғайту жөнінде алдымызға жаңа мақсат қойдық. Мұнай мен газды барлау саласы да өте перспективті бағыт саналады. Біз маңызды геологиялық жаңалықтарға ықпал ететін озық әлемдік тәжірибелерді меңгеру үшін жұмыс істеп жатырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент халықаралық мәселелерге де ерекше назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев геосаяси қақтығыстар мен қайшылықтардың, терроризмнің, төтенше климаттық жағдайдың жаһандық күн тәртібінен түспей тұрғанын әрі бұл дүниежүзінің қауіпсіздік архитектурасына нұқсан келтіретінін мойындау қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, барлық қауіп-қатер Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында бекітілген халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының бір мезгілде бұзылуынан туындайды.

– Жаңа қағидаттар мен нормаларға сай келісімге келу үшін қолайлы жағдай жасаудың жалғыз жолы – диалог. Сондықтан бүкіл жанжал БҰҰ Жарғысы және жалпыға ортақ халықаралық құқық негізінде шешілуге тиіс. Мен бұған сенімдімін. Қауіпсіздік Кеңесіне жанжақты реформа жүргізбей, бұл түйткілдің түйінін шеше алмаймыз. Ал Қауіпсіздік Кеңесі тығырықтан шығатын жол таба алар емес. Демек, оның мүшелерінің құрамын анағұрлым кеңейту қажет. Бұл ретте Қазақстан Кеңесте орташа державалар мен дамушы елдердің де үні естілуі керек деп санайды. Осы орайда Қазақстан да, Қатар да дүниежүзіндегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау ісінде елеулі рөл атқара алады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қатардың бітімгерлік рөліне және әлемдегі көптеген жанжалды, соның ішіндегі Палестинадағы жағдайды реттеуді көздеген мәмілегерлік әрекеттеріне жоғары баға берді.

– Зорлықтан тек зорлық туады. Мұның салдары Таяу Шығысқа да, басқа елдерге де ауыр тиеді. Сондықтан қақтығысты одан әрі ушықтырмау үшін жоғары деңгейдегі дипломатия қажет. Жағдайды ымыраласуға қарай бейімдеп, екі мемлекеттің қатар өмір сүру мүмкіндігін қарастыратын шешім табу үшін барлық мүдделі тарап, соның ішінде өңірлік серіктестер мен әлемдік көшбасшылар айрықша күш-жігер жұмсауы керек. Бұл ретте Қатардың дамылсыз әрекеттерін, әсіресе оның дағдарысты реттеуге және өшпенділікті, зорлық-зомбылықты, қантөгіс пен қайғы-қасіретті тоқтатып, маңызды бітімгерлік процесті ілгерілетуге бағытталған белсенді дипломатиясын тағы да құптаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, Орталық Азия қазір өз тарихындағы бетбұрыс кезеңін өткеріп жатыр. Өңірдегі саяси және экономикалық байланыстар едәуір жандана түсті.

– Біз Орталық Азияның жаңа келбетін қалыптастырып жатырмыз. Ежелгі заманнан бері өркениеттердің дамуында маңызды рөл атқарған бұл өлке қазір де, келешекте де бірегей мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл ретте біз Қатармен кең ауқымды серіктестікті дамытуға ерекше мән береміз. Былтыр Жидда қаласында өткен «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастығы кеңесінің» бірінші саммиті елдеріміздің өңірішілік ынтымақтастықты дамытуға ұмтылатынын көрсетті. Жоғары деңгейдегі осы кездесудің нәтижелері саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі күшейтіп, аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты, халықтар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, сондай-ақ жаһандық ауқымдағы тұрақты даму талпыныстарын қолдауға ықпал ететініне сенімдімін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеруі және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі міндеттемелердің орындалу барысына тоқталды.

– Маусым айында 2-ші Астана халықаралық форумын өткіземіз. Тақырыбы – «Баянды болашақты бірге құрайық». Бұл алаң климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді көптеген өзекті проблеманы шешу үшін күш біріктіруге ықпал етеді деп сенемін. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Франция Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында One Water салалық саммитіне тең төраға болмақ. Сонымен қатар Астана 2026 жылы БҰҰ аясында Өңірлік климат саммитін өткізуге ниетті. Бұл да маңызды. Климат проблемасын осындай ұжымдық іс-әрекет пен ынтымақтастықтың арқасында ғана шешуге болады, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ жиында Қатар Мемлекеті Консультативтік Кеңесінің төрағасы Хасан бен Абдулла Әл Ганима сөз сөйледі.

– Сіздің Қатарға алғашқы мемлекеттік сапарыңыз екіжақты қарым қатынасты стратегиялық деңгейге көтеруде өте маңызды қадам саналады. Осы ретте сіздің сапарыңыздың аясында Консультативтік Кеңеске келуіңіз екіжақты байланыстарға, парламенттік дипломатияға тың серпін береді. Біз бұл бағытта жан-жақты жұмыс істеуге дайынбыз. Екіжақты ынтымақтастықты тереңдетуде Консультативтік Кеңес зор рөл атқарады. Екі ел парламенттерінің достық топтары бірлесе белсенді жұмыс істей бастайды деп сенемін. Жоғары Мәртебелі Президент мырза, былтыр елдеріміз өзара дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуын атап өтті. Екі мемлекет басшыларының кезекпен жиі сапар жасауы қарым-қатынастарымыздың деңгейін көрсетеді, – деді Консультативтік Кеңестің төрағасы.

РУХАНИ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қасиетті Тақтың Қазақстандағы апостолдық нунциі Джордж Джордж Панамтундилмен кездесті. Онда тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту және дінаралық диалогты ілгерілету аясында серіктестікті одан әрі кеңейту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Джордж Панамтундилді еліміздегі миссиясының басталуымен құттықтап, Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасында келісімге және өзара сыйластыққа негізделген ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынас қалыптасқанын атап өтті. Екі мемлекет арасындағы достық байланысты нығайтуға жоғары деңгейдегі белсенді және сенімді диалог ықпал етіп келеді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында Ватиканға жасаған ресми сапары және Рим Папасы Франциспен кездесуі екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға тың серпін берді. Біз конфессияаралық және өркениетаралық диалогті дамыту жолында Қасиетті Тақтың Дикастериясымен тығыз және нәтижелі ынтымақтастықты әрі қарай нығайтуға мүдделіміз. Былтыр Қазақстан мен Ватикан арасындағы қосымша келісімді ратификациялау үшін арнайы заң қабылданды. Құжат Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы дипломатиялық қатынастарды нығайтуға, сондай-ақ мәдениетаралық және дінаралық диалогті одан әрі дамытуға ықпал етеді», – деді палата Спикері.

Кездесу барысында Сенат Төрағасы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі бірлескен күш-жігердің арқасында діндер арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты нығайтуға арналған алаңға айналғанын айтып, осы бағыттағы жұмысқа жан-жақты және дәйекті қолдау көрсеткені үшін Ватикан тарапына ризашылық білдірді.

Сонымен қатар ол рухани дипломатияны дамытудың маңызды екеніне тоқталып, Қазақстанның конфессияаралық келісім және жаһандық дінаралық диалогті ілгерілету саласындағы бастамалары туралы айтты.

«Былтырғы қазан айында біз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының XXI отырысын өткіздік. Соның нәтижесінде съезді дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Құжатта қазақстандық форумды дамытудың алдағы он жылға арналған жаңартылған бағыт-бағдары айқындалды. Бұл ретте рухани дипломатияның әлеуеті зор екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты съездің қызметі терроризм, экстремизм, теңсіздік, кедейлік, климаттың өзгеруі сияқты қазіргі жаһандық проблемаларды шешуге ықпал ету мақсатымен дін көшбасшылары, саясаткерлер мен халықаралық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталады», – деген Мәулен Әшімбаев бірлескен жұмыстың басым бағыттарына назар аударды.

Кездесу кезінде Джордж Панамтундил Қасиетті Тақ Қазақстанның бейбітшілік идеяларын, барлық діндегі адамдардың игілігі үшін мәдениеттер мен діндер арасындағы тұрақты диалогті ілгерілету жолындағы бастамаларын қолдайтынын айтты. Сондай-ақ ол Қазақстанмен өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

«ЖЕР АМАНАТЫ» – ЖЫЛ ЖОБАСЫ

Астанада «Халықтың сүйіктісі – 2023» ұлттық сыйлығы табысталды. Осымен 12-ші мәрте ұйымдастырылған дәстүрлі іс-шарада «AMANAT» партиясының «Жер аманаты» жобасы «Жыл жобасы» номинациясын иеленді.

«AMANAT» партиясының «Жер аманаты» комиссиясы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетімен бірге пайдаланылмай жатқан және заңсыз бөлінген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып келеді. Небары бір жарым жылда ел аумағында 10 млн гектарға жуық жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мүсінше «Жер аманаты» комиссиясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Ерлан Саировқа және партия Хатшысы Ержан Жылқыбаевқа табысталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жөнінде нақты тапсырма берді. Президент айтқан әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету – «AMANAT» партиясының басты басымдықтарының бірі. Біз әрбір ауыл тұрғынының пікірін ескеріп, еліміздің барлық өңірінде жер телімін әділ бөлуге күш саламыз», – деді Ержан Жылқыбаев.

Бұған дейін «Жер аманаты» комиссиясының бастамасымен әрбір ауылдық елді мекендегі жайылым тапшылығы мен мемлекет меншігіне қайтарылған жер учаскелерінің тізбесі көрсетілген jerkarta.gharysh.kz интерактивті картасы әзірленген болатын.

Жер мәселелерін жедел шешу үшін қазақстандықтар «AMANAT» партиясының 8 800 080 44 41 «Сенім телефоны» арқылы заңбұзушылықтың барлық фактісі туралы хабарлай алады. Өтінімдер WhatsApp арқылы да +7 700 800 44 41 нөмірі бойынша қабылданады.

КӨШІ-ҚОНҒА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы заңнаманы жетілдіру туралы заңды екінші оқылымда қабылдап, ЕАЭО елдерінде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялады.

Нұрлан ҚОСАЙ

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің хатшысы Магеррам Магеррамов көші-қон және қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы заңнаманы жетілдіруге қатысты түзетулер негізгі төрт ережені қамтитынын айтты.

«Көші-қон саласындағы заңнаманы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі айқындалды. Кәмелетке толмағандарға жыныстық сипаттағы қылмыстар жасағаны үшін сотталған шетелдіктердің елімізге кіруіне және Қазақстан азаматтығын алуына шектеу қойылды. Экстремистік немесе террористік әрекетке қатысы бар шетелдіктерге елге кіруге тыйым салынады. Төтенше жағдайларда мерзімі өтіп кеткен құжаттарды пайдалану мәселесі реттеледі», – деді жұмыс тобының жетекшісі М.Магеррамов.

Естеріңізге сала кетейік, заң жобасы бірінші оқылымда 2022 жылдың сәуірінде мақұлданған болатын. Құжатты пысықтау барысында депутаттар «қандас» мәртебесін беру, Қазақстан азаматтығына қабылдау және оны қалпына келтіру тәртібін жетілдіруге, сондай-ақ еңбек мигранттарына бір айдан он екі айға дейінгі мерзімге еңбек рұқсатын алу мүмкіндігін беруге бағытталған және өзге де бірқатар норма енгізді.

«Сонымен қатар заң жобасында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі бейнебақылау жүйелерін қасақана бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік жүктейтін норма енгізілген. Осыған байланысты заң жобасының тақырыбы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгертілді», – деді М.Магеррамов.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар заңды қабылдап, Сенаттың қарауына жіберді.

Сондай-ақ Мәжіліс 2023 жылғы 8 маусымда Сочи қаласында қол қойылған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялап, Сенатқа жіберді. Құжат жөнінде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндама жасады. Ол келісімнің ережелері ЕАЭО елдері азаматтарының мүше мемлекеттердің аумағында жұмысын жалғастырған кезде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелерін растаусыз тануды қарастыратынын айтты.

«Бұрын ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды тану үшін жұмысқа орналасатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген білім туралы құжаттарды тану рәсімдерін жүргізу талап етілді. Келісім ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды ұлттық тану рәсімдерін жүргізбей-ақ тануды ұсынады», – деді Ғылым және жоғары білім министрі.

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Дәулет Мұқаев қосымша баяндамасында құжат білім беру және ғылыми байланыстарды нығайтуға көмектесіп қана қоймай, білікті мамандардың ұтқырлығын жеңілдетіп, сол арқылы Еуразиялық аймақтағы интеграция мен ынтымақтастықты арттыратынын атап өтті.

Мәжіліс комитеттері Су кодексінің жобасы мен су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша ілеспе түзетулерді, қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау туралы және «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыста Мәжіліс депутаты Мәди Тәкиевтің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі де қаралды. Өткен аптада ол жаңартылған Үкімет құрамында Қаржы министрі қызметіне тағайындалған еді. Бұл ретте оның орнына Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы болып Татьяна Савельева сайланды. Ал Respublica партиясы фракциясының өкілі Айтуар Қошмамбетов Мәжіліс депутаттарының қатарына қосылды. Бүгін Мәжіліс депутаты ретінде ол ант беріп, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі атанды.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер ағымдағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға 20 депутаттық сауал жолдады. Депутат Жанарбек Әшімжан Көлік министрі Марат Қарабаев пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиға жолдаған сауалында Алматы облысы Кеген, Нарынқол және Үйғыр аудандарындағы елдің жанайқайын жеткізді. Жол азабын жүрген біледі демекші, бұл үш ауданда жол мәселесі шешілмей келеді.

«Жалпы, Кеген ауданы бойынша республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 215 шақырым. «Көкпек–Кеген–Түп» жолы 1968 жылы салынған. Осы жолдың Кеген асуынан Кеген ауылына дейінгі тұсына 2021-2022 жылдары «ҚазАвтоЖол» ҰК орташа жөндеу жұмыстарын жүргізген. Жоба құны – 875,4 млн теңге. Жауапкершілігі жоқ мердігердің кесірінен сонша қаржы желге ұшты да кетті. Жыл өтпей жолдың асфальт жабындысы толығымен бұзылып, қайтадан баяғы қалпына түсті. 2022 жылы осы учаскілерде 18 жол көлік оқиғасы тіркеліп, ай-күннің аманында 43 адам жарақаттанып, 10 адам қаза тапты. 2023 жылы 6 жол көлік оқиғасы болып, 27 адам жарақаттанып, 2 адам бақилық болды», – деді депутат. Одан да өзге көптеген мысалдарды келтірген ол талқаны шыққан тас жолға ашуланған халық екі мәрте Қайқы асуын жауып, наразылығын білдірсе де, «ҚазАвтоЖол» ҰК тарапынан ешқандай қозғалыс жоқ екендігін жеткізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктен аталған аудандарда арнайы тексеру жұмыстарын жүргізіп, нәтижесін халыққа хабарлап, тиісті шаралар қолдануын, ал жолға жауапты министрлік жоғарыда көрсетілген республикалық және аймақтық маңызға ие жолдарға кешенді сараптама жасап, жеделдетіп халық игілігіне сапалы жол ұсынуын сұрады. Тағы бір депутат елдегі жайылым жерлердің жағдайын айтып, Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғаринге сауал жолдады.

«AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары атына соңғы кезде ауа райының салдарынан туындап отырған мал шаруашылығындағы қиын жағдайға байланысты өтініштер түсуде. Қазіргі кезде еліміздің бірнеше облыстарында (Ақмола, Қарағанды, Павлодар) жайылымдарды мұз басуына байланысты табында жүрген жылқы малы қырылуда. Жауын аралас қардан кейін Ақтөбе, Шығыс-Қазақстан, Қостанай, Ұлытау, Солтүстік-Қазақстан облыстарында да қысқы жайылымдардағы жағдай нашарлап кетті. Қалыптасқан жағдайға байланысты келесі мәселелерді шешуді сұраймыз: Біріншіден, ауа райының экстремалды қолайсыздығы жағдайында қыстау өткізу үшін облыс және аудан көлемдерінде жедел штаб құру. Тез арада шаруашылықтар мен малдың барлық түрлері бойынша шынайы ақпаратты нақтылау керек. Екіншіден, қажет болған жағдайда жергілікті аумақ бойынша төтенше жағдай жариялау. Үшіншіден, өңірлердің тұрақтандыру қорларындағы, ал қажет болған жағдайда «Азық-түлік корпорациясының» АҚ-ның жемшөп қорларындағы жемшөпті де пайдалануды ұйымдастыру. Төртіншіден, жем-шөп қоры жеткілікті көлемдегі шаруа қожалықтарынан мал азығын ауылдарға жеткізу мен пайдалануды ұйымдастыру. Бесіншіден, жылқыларды қолайлы жайылымдарға, соның ішінде орман қорындағы жайылымдарға ауыстыруды ұйымдастыру. Алтыншы: Қажет болған жағдайда жайылымдардағы мұз бетін бұзу үшін механикалық өңдеуді ұйымдастыру. Басқа да шараларды жасау. Мал шаруашылығындағы жүйелі шара ретінде Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы орындармен бірлесіп жайылымдық жерлерді үстірт және түбегейлі жақсартуды кеңінен жүзеге асыруды ескере отырып, еліміздің жем-шөп базасын жақсартудың кешенді бағдарламасын даярлауды сұраймыз», – деді «AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Нұржан Әшімбетов.

Елімізде көктем түспей тұрып, көптеген аймақтарда тасқын жүру қаупі бар! Биыл Қазақстан аймақтарында ерекше климаттық ауытқу болып тұр. Бір жерде қар апталап жауып тұрса, содан қашық емес жерлерде тасқын болып жатыр. Жыл сайын болатын су тасқындары азаматтарымыздың өмірі мен мүлкіне қауіп төндіріп қана қоймай, отандастарымыздың моральдық-психологиялық деңгейіне де кері әсер етуде! Осы мәселеге назар аударткан депутат Ұлықбек Тұмашинов Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға сауал жолдады.

«Биыл су көшкіні Шығыс Қазақстан облысы, Орталық Қазақстан, Ақтөбе облыстарында болуы ықтимал. Еліміздің азаматтары тағы да қиын-қыстау жағдайда қалмауы керек. «AMANAT» фракциясы су тасқынына қарсы келесі шараларды Үкімет шұғыл қабылдауы қажет деп есептейді: Еліміздің барлық аумағында су тасқыны қаупі бар жерлердің картасын жасау. Халыққа тасқын, сел қаупі жөнінде дер кезінде хабар беру жүйесін тексеру. Төтенше жағдайдар министрлігінің құтқару қызметтерінің азаматтарды дер кезінде қауіпті жерлерден алып шығу қабілетін қазірден тексеру. Су тасқыны қаупі бар жерлердің барлығында тасқыннан қорғайтын қорғайтын дамбалар, контррегуляторлар, су өтетін өткелдер салу аса маңызды», – деді ол.

Келесі бір депутат Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға жолдаған сауалында білім саласындағы мемлекеттік және жекеменшік мектептерге біркелкі қаржы бөлінбеуі, сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлердің жекеменшік мектептерге мемлекет тарапынан қолдауға мұқтаждығы туралы мәселе көтерді.

«Елімізде бала саны артып, үш ауысымда оқитын мектептер көбейген кезде Үкімет кәсіпкерлерге ұсыныс жасап, жекеменшік мектептер салуға шақырды. Осыған байланысты 2004-2010 жылдары жекеменшік мектептер жаппай ашылып, оқу орындарының тапшылығын шешуге оң әсер етті. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда 7 611 білім ұясының 707-сі – жекеменшік. Оқушылар саны 245 мыңнан астам және олардың тең жартысы – 1-4 сынып оқушылары. Бүгінде мектептердегі орын тапшылығы өзекті мәселеге айналып, 270 мыңнан астам орын жетіспей отыр. Мемлекет тарапынан тиісті шаралар қабылданбаса, бұл көрсеткіш алдағы үш жылда 4 есеге артуы мүмкін. Бұл мәселені шешудің бір жолы – жекеменшік мектептер. Сондықтан Үкімет мемлекеттік мектептермен қатар жекеменшік оқу орындарына да бірдей көңіл бөліп, тиісті қолдау көрсетуі керек. Алайда қазіргі кезде мемлекеттік пен жекеменшік мектептерді қаржыландыру тәртібінде айтарлықтай айырмашылық орын алып отыр. Мемлекет есебінен жекеменшік мектептерде тегін білім алатын аз қамтылған отбасы балаларына берілетін әлеуметтік көмек – ыстық тамақ пен мектеп формасымен қамту, оқу құралдары мен оқулықтар сатып алу – қарастырылмаған. Сол себептен әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары орын жетіспеуінен жай мектептен жекеменшікке ауыстырылса, мемлекеттен берілетін көмектен құр қалады. Жекеменшік мектептерде мемлекет есебінен оқитындардың әлеуметтік жағдайы ескерілмеуі және мемлекеттік көмектің болмауы оқушылардың арасында теңсіздік тудырып отыр. Сонымен қатар 2024 жылға дейін жекеменшік мектептерде бастауыш сынып оқушыларына ыстық тамақ жергілікті бюджет есебінен берілетін. Ал осы жылдан бастауыш сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ беру тоқтатылды. Теңсіздіктің нәтижесінде тегін ыстық тамақ пен әлеуметтік көмектерден айырылған оқушылар мемлекеттік мектептерге қайта оралуға мәжбүр. Бұл үш ауысымды мектептердің көбеюіне, жекеменшік оқу орындарының жабылуына әкеп соғады», – деді «AMANAT» фракциясының депутаты Қайрат Балабиев.

Оның айтуынша, Қазақстандағы жекеменшік мектептерге мемлекет тарапынан қойылған талаптар мен ережелер қайта қаралып, келесідей өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Жекеменшік білім беру ұйымдарындағы бастауыш сынып оқушыларына және жоғарғы сыныпта оқитын аз қамтылған отбасы балаларына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру. Жағдайы төмен отбасы балаларына бөлінетін барлық әлеуметтік көмекті жекеменшік мектептердегі оқушыларға да мемлекеттік мектептердегідей берілуін қамтамасыз ету. Жалпы, мектептердегі тұрмысы төмен отбасы балалары мен жетім балаларға мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылық және басқалай көмекті жекеменшік мектептердегі осы деңгейдегі оқушыларға да берілу мәселесін қарастыру қажет.

БЕС ЖЫЛДА АСАР БЕЛЕСІМІЗ ҚАНДАЙ?

Алдағы бес жылда еліміздің ЖІӨ-сін 450 млрд АҚШ долларына жеткізу жоспарланған. Бұл – еліміздің 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының жобасында айтылған басты бағдар. Қазіргі стратегиялық даму жоспары 2025 жылға дейін жарамды. Ендеше ел экономикасын дамытудың әрі қарайғы бағыты қандай болмақ? Жаңа жоспарға сай нендей көрсеткіштерге қол жеткізу көзделіп отыр?

Елдәр ҚАБА *(коллаж)*

Кәмила ЕРКІН

Ең алдымен ұлттық даму жоспарында «А» нүктесі ретінде экономиканың негізгі проблемалары нақтыланған. Мәселен, 2014 жылдан бері ЖІӨ-нің нақты орташа жылдық өсу қарқыны бәсеңдеп, бүгінде 5%-дық деңгейге жетті. Жоба сарапшыларының пікірінше, бұл өмір сүру деңгейін арттыру үшін жеткіліксіз. Сонымен қатар елімізде әлі де шикізатқа тәуелділік жоғары және күрделі экономикаға ауыса алмай келеміз. Инвестициялау көлемін арттыру мәселесі де күн тәртібінен түспей тұр. Ал кіріс пен шығыс арасындағы бұзылған баланс дер кезінде әрекет етуді қажет етіп отыр.

Жиі-жиі жоғары мінберлерден еститін тағы бір мәселе, бұл минералды ресурстар бағасының экономика өсу қарқынына тікелей әсері. Себебі ЖІӨ құрылымының көп бөлігі шикізат экспортын құрайды. Статистикаға сүйенсек, 2022 жылы ЖІӨ-нің 15%-дан астамы, яғни экспорттың 70%-ы минералды шикізат салаларына тиесілі болған.

Тәуекел таяғының екінші ұшы отандық шикізат базасының сарқылуына нұсқайды. Қазақстанда пайдалы қазбалардың едәуір қоры бар, алайда көпшілігі игеруге дайын емес, резервтерді толықтыру жұмыстары жеткіліксіз. Сонымен қатар құжатта заманауи аккумуляторлар мен электроникада қолданылатын сирек кездесетін металдар – никель, кобальт және литий бойынша отандық өндіріс потенциалы жоғары екені көрсетілген. Статистикаға сәйкес, Қазақстан никель мен кобальттың ең ірі қоры бар 10-15 елдің қатарына кіреді.

Осы себепті жобада 2029 жылға қарай металдар мен басқа да пайдалы қазбалар өндірісін 40%-ға ұлғайту жоспарланып отыр. Алдағы бес жылда саланы дамыту ресурстық базаны белсенді толықтыруға және нығайтуға, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ сарқылатын активтерді қалпына келтіруге байланысты мәселелерді шешуге бағытталатын болады.

Өндіруші салаларда ірі бизнес басым жүретіні белгілі. Сондықтан еліміздегі шағын және орта бизнестің үлесі ірі әртараптандырылған экономикасы бар елдер деңгейінен артта қалып отыр. Сарапшылар мұның басты себебі ретінде инновациялық технологиялар мен өнімділік деңгейінің төмендігі деп көрсетеді. Мысалы, соңғы бес жыл ішінде өнімділік 80%-ға өссе де тау-кен және өңдеу өнеркәсібі, қаржы және сақтандыру салалары дамыған елдердің көрсеткіштерінен 5-10 есе артта келеді. Ал еңбек өнімділігінің өсу қарқыны нақты ақшалай кірістердің динамикасынан едәуір төмен.

Инвестиция саласындағы көрсеткіштер де жіті назарда ұстауды қажет етеді. Өйткені негізгі капиталға құйылған инвестицияның және ЖІӨ-ге қатынасы да төмендеген. 2012 жылы 18% болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 15%-ға жеткен. Себебі соңғы уақытта аймақта тікелей шетелдік инвестицияларға деген бәсекелестік артып, оның көлемі айтарлықтай қысқарды. Сондай-ақ ЖІӨ-ге шаққандағы заңды тұлғаларға берілген несие үлесі 2010 жылы 25% болса, 2022 жылы ол 8% деңгейінде қалған.

Сонымен қатар өңірлер арасында даму теңсіздігін де жобаны әзірлеуші мамандар жоққа шығармаған. Атап айтқанда, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің ең жоғары деңгейі мегаполистерде – 19 мың АҚШ доллары және Батыс макроөңірде – 16,5 мың АҚШ доллары, ең төменгісі – солтүстікте – 9,9 мың АҚШ доллары және оңтүстікте – 5,0 мың АҚШ доллары. Осындай айырмашылықтардың бірі – халықтың өмір сүру сапасының көрсеткіштеріндегі аймақтық диспропорциялар. Мысалы, халықтың жан басына шаққандағы ең жоғары және ең төменгі ақшалай табыстары, өңірлер арасындағы кедейлік көрсеткіштері арасындағы айырмашылық 3-4 есеге жетеді. Сондай-ақ ауылдағы кедейлік деңгейі орташа есеппен қалалық көрсеткіштен 1,8 есе асады.

Ал жалақы әлі де ЖІӨ-нің үштен бірін қамтиды. Халықаралық деңгейде бұл төмен көрсеткіш. Сондай-ақ инфляция мен базалық тауарлардың өзге елдерден импорттелуы халықтың нақты табысының өсімін тежеп отыр. Оған азаматтардың несие алу көрсеткішінің жоғарылағанын қосыңыз. Себебі соңғы жылдары кепілсіз тұтынушылық несие алған экономикалық белсенде тұлғалардың үлесі 80%-ға жеткен.

Осы мәселелерді ескере келе ұлттық даму жоспары мынадай бес принцип негізінде әзірленгенін көреміз:

Жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру және тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту үшін бәсекелестікті ынталандыру және либералдау.

Экономика өсуі үшін жеткілікті инвестициялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кәсіпкерлікті қорғау және инвесторлар үшін түсінікті, болжамды және тартымды экономикалық саясат құру.

Сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және кәсіпкерлік және шығармашылық бастаманы қолдауға бағытталған қазақстандықтардың әлеуетін ашу.

Инновациялық белсенділікті кеңейту, салалар мен кәсіпорындарды жаңғырту және цифрландыру арқылы экономиканың өнімділігі мен күрделілігін арттыруға баса назар аудару.

Соңғы жылдары экономиканың ең жылдам дамып келе жатқан бағыттарының бірі өңдеу өнеркәсібі болды. Саладағы орташа жылдық өсу қарқыны 18%-ға жеткен. Осыған қарамастан, елдің ЖІӨ-дегі сектордың үлесі – 13,4%. Салыстырар болсақ, бұл көрсеткіш Түркияда – 22%, Оңтүстік Кореяда – 25,6% және Қытайда – 27,7%.

2029 жылға қарай өңдеу өнеркәсібін дамытудың мақсаты – елдің экспорттық әлеуетін іске асыру және ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Ол үшін ірі стратегиялық инвесторларды тарту, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту, сондай-ақ қолайлы инвестициялық жағдайлар жасау жоспарлануда. Нәтижесінде, өңдеу өнеркәсібі 2029 жылға қарай 40%-ға, экспорт – 56,7%-ға, реттелетін сатып алулардағы тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесі 56-дан 63%-ға дейін өседі деп жоспарланған.

Нәтижесінде, 2029 жылға қарай негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 3,8 есеге, ал оның ЖІӨ-ге қатынасы 16%-дан 24%-ға дейін ұлғаюы тиіс. Ал борыштық тұрақтылықты сақтау мақсатында 2029 жылға қарай мемлекеттік борыш ЖІӨ-нің 30,8%-дан аспауға тиіс. Салық түсімдер де ЖІӨ-нің 22,7%-на дейін өсуі керек.

Сонда, жобаланған көрсеткіштер 2029 жылғы ұлттық даму жоспарының үдесінен шыға ала ма?

ТІРКЕМЕДЕГІ ЖАРНАМАҒА ТЫЙЫМ САЛУ КЕРЕК

Елімізде жарнама саласы реттелген: ақпарат құралдарындағы, көшедегі сыртқы және көрнекі жарнамаға, оның түр-сипаты мен мазмұнына қатысты талаптар қойылған. Әйткенмен, заң аясынан тыс қалған түрі де анықталды. Әңгіме автокөлік тіркемелеріндегі жарнама туралы болып отыр. Үкімет оны да мемлекеттік реттеу жөнін қарастыруда.

Айхан ШӘРІП

ЖЕЛМЕН БІРГЕ ЖЕЛБІРЕЙДІ ЖАРНАМА

Алғаш болып, бұл проблеманы астаналық депутаттар көтерді. Олардың байламынша, тіркемедегі жарнама қалалық бюджетке кіріс әкелмегені аз болғандай, ол тұрғындардың өміріне және мүлкіне қауіп төндіреді.

Мысалы, жарнамалық баннер орнатылған тіркемені көшелердің бойына, қала ішіндегі көлік көп қозғалатын негізгі жолдардың жиегіне, сондай-ақ заңғар тұрғын үйлер мен әкімшілік нысандардың автотұрақтарына ұзаққа, айлап, жылдап қалдырып кетеді. Бұл жол-көлік оқиғасына ықпал етуі мүмкін. Мәселен, жол шетіндегі алабажақ жарнама жүргізушінің жанарын жаулап, назарын өзіне тартып, алаңдатады. Ал ғимарат жанындағы осындай жарнамалық баннер ауладан, тұрақтан шығып бара жатқан машина жүргізушісінің көру, шолу өрісін тарылтады.

Жарнама мәтінінде оны орналастырған фирманың мекенжайы, байланыс телефондары түгіл, атауы жазыла бермейді. Салдарынан, оның иесін табу қиын. Демек, жол апаты үшін жауаптыны, адамдардың денсаулығына, мүлкіне келген залалды кімнен өндіруге болатыны белгісіз қалады.

Осы салада тәртіп орнату бастамасын алғашқылар қатарында Астана қаласы мәслихатының VII және қазіргі VIII шақырылымы төрағасы Ерлан Каналимов көтерген болатын.

– Автокөлік тіркемесіндегі жарнаманы қалаған жеріне тастап, жүре береді. Сөйтіп, олар тұрғындарға арналған тұрақ орындарын алып тұрады. Бұл ретте олар жарнама туралы заңнан тыс қалған. Мұндай жарнама орналастырушылар сол үшін мемлекетке де, қалаға да алым-салық төлемейді. Елордамызда қыста ақ түтек боран соғады, өзге маусымдарда дүлей жел жиі тұрады, сол кезде тіркемелердегі баннерлер құлап, ұшып кетіп, жүргіншілерге, көліктерге қауіп төндіреді, – деді мәслихат басшысы.

Депутаттардың айтуынша, мұндай жарнаманың мазмұны да күмәнді: мемлекеттік тілдегі мәтінінде қате өріп жүретінін айтпағанның өзінде, қаржы пирамидаларын насихаттағаны кездесіпті.

Бұларды эвакуациялау да оңай шаруа емес: доңғалақтары жарылып, не желі шығып кетеді. Тіпті, айлап, жылдап тұратындықтан жерге «сіңіп» кетеді. Иелері қасақана дөңгелектерін шешіп алады.

Елорданың Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы проблеманың барын жасырмады: тіркемелер үстіне орнатылатын жарнамалар үшін ешкім салық төлемдерін аудармайды. Өйткені жарнаманың бұл түрі заңмен регламенттелмеген.

Еш ақы төлемейтіндіктен әрі иелері жер телімі үшін ай сайынғы арендадан азат болғандықтан, жарнамалық конструкцияны да ұзақ уақытқа еш алаңсыз қалдырады. Салдарынан, олар тозып, айналасына қауіп төндіреді. Кенебі көнеріп, желге жыртылып, желбіреп жатады, осылай қаланың ажарын кетіреді.

ЖИЫРМА ЖЫЛДАН КӨП КЕШІККЕН РЕТТЕУ

Ұлттық экономика министрлігі бұл саладағы олқылықты жою жолдарын қарастырып жатыр. Ол «Кейбір заңнамалық актілерге астананы және республикалық маңызы бар қалаларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң жобасы аясында «Жарнама туралы» қолданыстағы заңның 12-бабына түзету енгізуді ұсынды.

Айтпақшы, «Жарнама туралы» заң ғасыр басында, 2003 жылы қабылданған болатын, сонда жеңіл және жүк көліктерінің, автобустардың сыртындағы жарнама ғана реттелді. Содан бері жиырма жылдан астам уақыт өтсе де, тіркемелерге қатысты түйткіл шешілмей келеді.

Құжат қабылданса, онда Қазақстан бойынша автокөлік тіркемелерінде орналастырылатын жарнама сыртқы (көрнекі) жарнамаға теңестіріледі де, ол үшін мемлекетке салық төлеу міндетті болады. Бұл үшін осындай жарнамадан табыс табатындар ресми тіркеліп, жергілікті атқарушы органға хабарлама жіберуге тиіс. Яғни, салада хабарлама тәртібі енгізілмек.

«Бұл талап өмірге жолдама алып жатса, әділетті болар еді. Заң алдында бәрі тең болуы керек. Мысалы, жол бойындағы билбордтардағы жарнама заңмен реттеледі, ол үшін салығы төленеді. Ал соның жанында, жол бойында немесе тұрақтарда орнатылған тіркемелер реттелмейді, салық төлемейді. Көлеңкедегі кәсіпкерлер тіркемедегі жарнаманы қолданыстағы жарнама заңын айналып өту үшін қолданады. Сонда бұл жарнамасына бірде-бір талап, тәртіп таралмайды, жарнаманы көшеде орналастырғаны үшін ақы да төлемейді. Түсетін таза табысы айына 200-250 мың теңгедей. Осыған қызығып, бұл заңсыз іспен заңды жарнама агенттіктері де айналыса береді», – деді жарнама агенттігінің өкілі, кәсіпкер Вадим Тушин.

Қолданыстағы «Жарнама туралы» заңына сәйкес, елді мекендердегі үй-жайлардан тыс, ашық кеңістікте сыртқы, көрнекі жарнаманы орналастыру үшін хабарлама тәртібі енгізілген. Бірақ бұл реттеу автокөлік тіркемелерінде орналасқан жарнамаға қолданылмайды.

Заң тәртіпке келтірмеген соң өзі би, өзі қожа жарнамашылар ойына келгенін істейді. Бұл халық наразылығын туғызады. 2023 жылдың басынан бір ғана Астана қаласы бойынша автотіркемелердегі жарнама конструкцияларына қатысты жалпы саны 385 шағым түсіпті. Соның ішінде eOtinish порталы арқылы – 320, «iKOMEK109» қызметі арқылы – 65 инцидент тіркелген.

ХАЛЫҚ НЕГЕ ШАҒЫМДАНАДЫ?

Азаматтар мұндай жарнамалық конструкцияның жүргіншілердің жүріп-тұруына, ал жүргізушілердің көлік ішінен айналаны шолуына кедергі келтіретініне, жел тұрғанда құлау қаупінің бар екеніне шағымданады. Бірқатар адам мұндай тіркемелердің заңдылығын тексеруді сұрады. Кәсіпкерлер «иесіз» тіркемелердің жүк түсіретін көліктердің дүкенге таяп келуіне кедергі жасайтынын айтқан.

«Ж.Нәжімеденов көшесіндегі көпқабатты тұрғын үйдің алдындағы көше автотұрағында біраздан бері доңғалақты «жарнамалық қалқан» (щит) тұр. Ол қатты жел соққанда бүйіріне құлап қалады. Біреу келіп, «жантайып» жатқан оны түзетіп кетеді. Кеше боран болғанда, қалқан тағы құлап, жолға қарай зыр домалап жатты. Жақын маңда адамдар, көліктер болмағандықтан ғана ешкімге залалы тимеді. Конструкция бұлай құлай берсе, қасындағы автокөліктерге зақым келтіреді. Мұндай жарнамалық қалқандарды қоюға тыйым салу керек. Және мұндай жарнама орнатушыларды жауапкершілікке тарту қажет», – деп жазады шағымданушы Г. есімді елордалық тұрғын.

Қала тұрғындары Нұра ауданындағы Қайым Мұхамедханов көшесіндегі үйлер арасында, Қарашаш Ана көшесі, 1-үй жанында «Мечта» дүкенінің дөңгелектегі жарнамасына қатысты да өтініш жолдапты. Конструкция балалар арбаларының және адамдардың өтуіне кедергі келтіретін көрінеді. Мұндай арыз-шағымдар жетерлік.

Мұның сыртында, көшелер бойында тұрған жарнамалы тіркемелердің қалалардың сәулеттік келбетіне кері әсерін тигізетіні, «визуалды шу» тудыратыны дәлел ретінде келтірілді.

2023 жыл соңындағы жағдай бойынша еліміздің үш мегаполисіндегі тұрақтарда 92 жарнамалық тіркеме әшкереленді. Оның ішінде Алматы қаласында – 40-ы, Астана қаласында – 37-сі, Шымкентте – 15-і анықталды.

Заң жобасын әзірлеуші Ұлттық экономика министрлігінің талдауында айтылғандай, жарнамалық билборды бар тіркемелер қаланың көп жерінде орнатылады. Орындарын да рұқсатсыз ауыстыра береді. Ал оларды рәсімдеуге, күтіп ұстауға және орналастыруға қойылатын талаптар ешбір нормативтік құқықтық актілерде бекітілмеген.

Тиісінше, автомобиль тіркемелерінде жарнама орнатуды хабарлама тәртібіне жатқызу – жергілікті әкімдіктердің келісімін алу арқылы осындай нысандарды қою ісін ретке келтіруге, сондай-ақ жарнаманың бұл түрін қалалардың дизайн-кодына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Үкімет халықаралық тәжірибені алға тартты: мысалы, Еуропада көшедегі сыртқы жарнаманы орналастыру саласы әлдеқайда қатаң реттеледі. Мысалы, Германияда, Аустрияда жол бойында орналасатын әрбір жарнамалық конструкция үшін рұқсат алу талап етіледі. Кейбір аймақтарда қоршаған ортаны қорғауға байланысты жергілікті шектеулер енгізілген.

Словакияның заңнамасында жарнамалық құралдарды жолдан 100 метрге дейінгі қашықтықта орналастыруға түпкілікті тыйым салынған. Ондай жарнама жүргізушілерді босқа алаңдатады деп саналады. Жол жағасындағы 100 метрлік жарнамасыз аймақ «қауіпсіздік белдеуі» деп аталады. Бұл жолақтың ар жағында да кім көрінген қалаған жарнамасын, мысалы, тіркемедегі баннерін қоя алмайды: арнайы рұқсаты бар компаниялар ғана объектілерін орналастыруға құқылы.

Салада заңнамалық реттеу енгізілсе, онда оны бұзатындарға жаза да қарастырылған. Атап айтқанда, әкімшілік құқықбұзушылықтар жасау заттары және құралы тәркілену мүмкін. Сондай-ақ жеке тұлғаларға – 15, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 25, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 150 айлық есептік көрсеткіш (2024 жылы 553 800 теңге) айыппұл салынады.

Осы құқықбұзушылықты ұсталып қалғаннан кейінгі бір жыл ішінде қайталап жасаса, жеке тұлғалар мен шағын, орта кәсіпкерлер айыппұлының көлемі екі есе көтеріледі. Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 500 АЕК (биыл 1 846 000 теңге) айыппұл төлеуге тура келмек.

Бұл секторда хабарлама тәртібі енгізілсе, әрбір тіркеменің нақты иесінің кім екені әкімдіктерге белгілі болады.

Айтпақшы, қазірдің өзінде тіркемедегі жарнама қызметін ұсынушылар «Мемлекетке визуалды жарнама салығы үшін 10-15 АЕК төлеуіңіз керек» деп, оны клиентінен қосымша өндіртіп алып жатыр. Шынында, ондай салықты мемлекетке төлемейді, өз қалтасына тоғытады. Тек осы арқылы жаңа заң жобасымен енгізілуі мүмкін айыппұлдарға дайындалып жатса керек.

«Жарнама – сауданың қозғалтқышы» деген сөз бар. Алайда қозғалтқышы жоқ, жападан-жалғыз қаңтарылып тұрған тіркемедегі жарнама – саланың тежегішіне, көшені қар мен шаңнан тазалайтын коммуналдық қызметтер үшін кедергіге айналды. Салдарынан, азаматтарға – қолайсыздық, әкімдіктерге шығын әкелді. Әділетті Қазақстан бизнестің көлеңкелі осы секторын құрықтайтын болды.

ЖАНДЫ ЕМДЕЙМІН ДЕП, ЖАРҒА ЖЫҚПАСЫН...

Қараңғылық тұңғиығынан құтылып, бойындағы жағымсыз сезімдерден арылғысы келген адам үшін психолог – жарыққа жетелейтін шамшырақ іспетті. Осы тұста әлеуметтік желі арқылы адам психологиясы туралы тренинг өткізіп, әртүрлі курс сататын мамандардың расымен кәсіби білімі бар ма, аудиториясына жүздеген, тіпті мыңдаған халықты жинаған «психологтердің» өзінің психологиялық күйі қалай деген сауал туындайды. Түптеп келгенде елімізде психологтерді лицензиялау ісі қолға алынуға тиіс пе?

КӘСІБИ ЖҰМЫС – ЕҢ ЖАҚСЫ ЛИЦЕНЗИЯ

Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жүргізген сауалнама нәтижесіне сүйенсек, 2021 жылы психологтың көмегіне 600 мыңға жуық адам жүгінген. Онымен қоса, 4 миллион азамат психологқа баруға әзір, ал 3 миллион қазақстандық қажеттілік туындаған кезде көмек сұрайды. Бір қызығы, 1 миллионға жуық адам психологқа қаралғысы келетінін, бірақ іштей ұялатынын айтқан. Күн сайын өзектілігі артып жатқан мәселеге байланысты Орталық Азия Психоанализ институтының директоры, психоаналитик Анна Құдияровамен байланысқа шығып, сауалдарымызға жауап алған едік. Ол осыдан 25 жыл бұрын көтерген мәселе қазір шешімін тауып, нәтижесін беріп келе жатқанын айтады. Психоаналитиктің сөзінше, онсыз да психолог тапшы мемлекетте лицензия жариялау – қате шешім.

– Қазір бізде нарықтық экономика. Сұраныс болмаған жерде ұсыныс болмайды. Сондықтан сұраныс көп болғандықтан, оған да қуанған жөн. Бұл адамдардың ақшасы, психологиялық мәдениеті мен қажеттілігі бар деген сөз. Халық өзіне қажеттісін сұрап отыр. Ал оған мамандар жауап беруде. Адам психологтің көмегіне бір рет, қажет болса екі рет жүгінеді. Ұнаса сол маманның қызметін пайдаланады, ұнамаса шертіп жүріп басқа психологті тауып алады ғой. Нарықтық экономика кезінде маманның кәсіби жұмысы – ең жақсы лицензия. Егер сіз білімі жеткіліксіз маман болсаңыз, клиент сізге келуді өзі-ақ тоқтатады. Бұл тұста ешқандай лицензияның қажеті жоқ. Лицензия деген – артқа шегіну, еркіндікті шектеу. Мұнда «мына жерге дейін болмайды» деген өлшем бар. Мәселен, Италия мемлекетінде психолог, психиатр, психотерапия, психоаналитик ешқашан лицензия толтырмаған. Себебі бұл қажетсіз. Оларда еркіндік пен бостандық бар. Әрбір мемлекеттің азаматы – еркін адам, – дейді психоаналитик.

Ресми статистикаға сүйенсек, 2022-2023 жылдары «Педагогика және психология» мамандығы бойынша бакалавриатта білім алған студенттер саны 6 700-ден асады. Оның ішінде 12 студент қана психология саласын оқыған. Қазір медициналық жоғары оқу орындарында, резидентурада «Ересектер мен балалар психиатриясы» бойынша 160-қа жуық студент оқиды.

– Психолог мамандардың саны көбеюі керек. Содан кейін ғана сапасы жөнінде айта аламыз. Осыдан 25 жыл бұрын әрбір мектепке психолог керек, ЖОО-да психология факультеті болуға тиіс деп біраз шуладық. Сондықтан бұл – біздің нәтиже. Қазір сол өзгеріске қол жеткізіп отырмыз. Қандай маманға барады, қалтадағы ақшасын кімге төлейді, көмекші ретінде қай психологті қабылдайды – бұл жеке тұлғаның өз еркінде. Ал біз баяғы деспотизмге үйреніп қалғанбыз. Тек «жарайсың, енді сен көмектесесің» немесе «сен жарамайсың» деп отыратын бір бастық болуы керек, – дейді ол.

Осы тұста психоаналитик тәжірибелі маманның біліктілігіне қабырғадағы қағаздар толыққанды кепілдік бола алмайтынын атап өтті.

– Қазір кейбір психологтердің кабинетіне барсаңыз қабырғада 10-15, тіпті одан да көп сертификат, дипломдар ілініп тұрады. Ал ол қағаздар маманның білікті екеніне толыққанды кепілдік бере алмайды. Керісінше, кейбір психологтердің жұмыс кабинетінен қабырғада ілініп тұрған қағазды көрмейсіз. Олар оқыса, өзі үшін оқып келеді. Нәтижесінде, клиенттер саны да толастамай, кезек күтіп жазылады. Клиентті кішкентай бала деп қарастырып көрейікші. Білесіз ғой, балалар жақсы адамға барып, жаман адамға жоламайды. Өзіне теріс көрінгені құшағын жайып тұрса да бармайды. Біз өзіміз іштей мейірімді болсақ, сапалы қызмет көрсете алсақ, адамдар өздері-ақ іздеп келеді. Сондықтан елімізде психологтерге лицензия жариялаудың қажеті жоқ деп санаймын. Әрине, болашақ психолог мектепті бітіріп, бакалавриат деңгейінде негізігі базалық білімді алуға тиіс, – дейді маман.

ӘЛСІЗДІГІМІЗДЕН АҚША ЖАСАЙДЫ

Психологтің көмегіне жүгініп көргендердің бірі – Аружан Жеңісбекова. Кейіпкеріміз психолог қызметін пайдаланбас бұрын маманның әлеуметтік желідегі жазбалары мен оқырмандардың пікірін міндетті түрде ой таразысына салып, сүзгіден өткізеді. Аружан психологтің өмір салты, менталитеті мен діні өз көзқарасымен қаншалықты ұштасатынына баса мән беруге тырысатынын айтады.

– Иә, бір рет ресейлік психологтің көмегіне жүгінгенім бар. Нәтижесі өте жақсы. Психолог қараңғы түнектен шығарған бағдаршамым болды. Біз сөйлескен жоқпыз, кеңес болмады. Жай ғана оның курсын сатып алдым. Курс дәл сол уақытта өміріме қажет нұсқаулықтың өзі болды. Білім шығынды ақтады. Әлі де ақтап келе жатыр. Керек кезде қайта кіріп, оқып тұрамын. Мен кім екенімді, табиғатым қандай екенін, маған не керегін нақты түсіндім. Алған білімім бойынша өмірімнің келесі кезеңінің бағытын анықтап, сол жолда жүріп келе жатырмын, – дейді Аружан.

Одан өзге Аружан қоғамда «инфосығандардың» көбеюіне өз тарапымыздан ізденістің болмауы да себеп екенін жасырмады. Жылтыраған жарнамаға алданған оқырман психологтің көмегі арқылы алдағы өмірінен елеулі өзгеріс күтіп, соңында қолжетімді ақпаратты көлемді қаражатқа сатып алуға дейін барады.

– Қазақстандық психологтердің білімі түбегейлі нашар демеймін. Алайда көпшілігіне білімін әлі де тереңдету керек. Қазір «инфосығандар» көбейіп кетті. Оның да өз себебі бар: көбі ғаламторды ашып, ақпарат іздей бермейді немесе ерінеді. Осындай әлсіз тұсымызды пайдаланып тегін ақпаратты ақшаға сататындар аз емес. Тіпті, шетелдік психологтердің курсын қазақ тіліне аударып, аяқ астынан «психолог» болып шыға келетіндер де бар,– дейді А.Жеңісбекова.

БІЗ МЫСЫҚҚА ҚАЛАЙ ДҰРЫС МЫСЫҚ БОЛУДЫ ҮЙРЕТПЕЙМІЗ

Ал алматылық студент Бекзат Мекен әлеуметтік желіде псевдопсихологтер мен коучтар көбейіп кетуінің салдарынан өз ісінің нағыз маманын табу қиындай түскенін айтып ашынады. Кейіпкеріміз үшін психологтің кәсібилігіне күмән келтіретін негізгі жағдайлардың бірі – үзілді-кесілділік.

– Менің айтқаным ғана дұрыс деп ақыл айтатындарға, әлемді ақ пен қараға бөлетіндерге күмәнмен қараймын. Онымен қоса, қазір қыздарды қыз болуға үйрететін, әйелдік энергияны арттыру туралы айтатын «психологтер» санының артуы да, оған деген сұраныстың бар болуы да жүректі қынжылтады. Біз мысыққа қалай дұрыс мысық болуды үйретпейміз ғой. Сол сияқты мұндай ойдың да ешқандай мағынасы жоқ деп санаймын. Әр адам – қайталанбас тұлға. Ал нағыз психолог ешкімді гендер бойынша бөлмей, шектемей, әрбір тұлғаның өзіндік бірегей қырын ашуына түрткі болуы қажет деп білемін, – дейді Бекзат.

Осы уақытқа дейін шетелдік коуч пен психологтердің курстарын сатып алған Бекзат адамның жандүниесімен жұмыс істейтін маманда міндетті түрде жоғарғы оқу орнының дипломы болуы керек деп санайды.

– Шыны керек, қазақстандық психологтердің инфоөнімдерін ешқашан сатып алып көрмеппін. Психолог қызметін пайдаланбас бұрын маманның біліміне, одан соң тәжірибесіне мән беремін. Психолог ретінде мансап жолын енді ғана бастаушылардан гөрі бірнеше жылдық тәжірибесі бар маманға жүгінгенді жөн көремін. Әрине, бұл жас мамандар нашар дегенді білдірмейді. Бірақ мен үшін бұл – маңызды пункт. Үшіншіден, қолданатын әдісін саралаймын. Психологтер түрлі бағыттағы мәселелермен және әртүрлі әдіспен жұмыс істейді. Маған ол сай келе ме, келмей ме – соны қараймын. Төртіншіден, маманның адам ретінде маған қаншалықты ұнайтындығына мән берем. Егер психолог кәсіби маман бола тұра маған субъективті көзқарасым бойынша ұнамаса, менің ол кісіге бармауымның ықтималдылығы жоғарылайды, – дейді Бекзат.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ТАБЫС КӨБЕЙМЕЙ, ТҰРМЫС ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Елімізде 1,4 млн азамат қосымша жұмыс істейді. Экономикалық зерттеулер институтының дерегінше, жұмыспен қамтылған қазақстандықтардың ішінде үстеме жұмыс істейтіндердің үлесі – 15,5%. Әрине, нарықта артық ақша табу деген мүмкіндік көзі. Дегенмен мәселенің екінші жағы және бар.

Рас қолданыстағы заңнамада бір мезгілде бірнеше мекемеде жұмыс істеуге тыйым салынбаған. Бұл тұрғыда қызметкердің бірнеше жұмыс берушімен қосымша жұмыс туралы еңбек шартын жасауға құқы бар. Ал жұмыс уақыты Еңбек кодексінде белгіленген тәртіп негізінде бекітілуі тиіс. «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ заңгерлерінің айтуынша, егер екі жұмыс істейтін қызметкер негізгі жұмыс орнында толық 8 сағаттық жұмыс күнін өтесе, екінші қосымша жұмыстың ұзақтығы 4 сағаттан аспауы керек. «Яғни, 8 сағатқа қосымша 4 сағатты қоссақ, жұмыс уақыты күніне 12 сағаттан, ал аптасына 60 сағаттан аспауы тиіс. Сондай-ақ егер екінші жұмыс беруші еңбек шартын жасаудан бас тартса, бұл заңды бұзу болып есептеліп, әкімшілік жауапкершілік қарастырылады»,– дейді кәсіподақ заңгерлері.

Қазақстандағы еңбек нарығының көлеңкелі тұсы көп. Бұл туралы 13 ақпанда өткен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында ведомство басшысы Светлана Жақыпова айтты. «Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша 2022 жылы еңбекақы төлеудің жиынтық қоры 31,5 трлн теңгені құрады. Министрліктің ақпараттық жүйелерінің мәліметтері бойынша, ол тек 16 трлн немесе 51% -дан аз ғана расталады. Яғни, бұл зейнетақы жарналары мен БЖЗҚ-ға тікелей аударылатын сомалар. Яғни, бұдан еңбек нарығының жартысына жуығы көлеңкеде екені көрінеді», – деді министр. Осыған орай, алдағы уақытта жұмысқа орналастыру бойынша нақты KPI анықталатын цифрлық жұмыс орны құрылмақ. С.Жақыпова, жаңа форматты сынақтан өткізу 1 мамырдан бастап Түркістан, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында басталатынын жеткізді.



Елдар КАБА *(коллаж)*

Бұдан бөлек, еңбек нарығында қызметкерлерден түсетін арыз-шағым көбейген. Ол негізінен еңбек шартын жасасу, өзгерту және тоқтатуға қатысты. Сонымен қатар ақысы төленетін еңбек демалысын берген кезде сауықтыруға арналған жәрдемақының төленуіне байланысты шағым көп. Жауапты министрліктің 2024 жылғы 1 ақпандағы мәліметінше, еңбек инспекторлары 25 кәсіпорында 1,1 мың жұмысшыға 164,7 млн теңгеден астам сомаға жалақы бойынша берешегі барын анықтаған. Нәтижесінде, 500-ден астам жұмысшының құқығы қорғалып, 130 млн теңге төленіпті.

Экономика ғылымдарының докторы Оразалы Сәбденов бір жалақысын жеткізе алмай қосымша жұмыс істеп жүргендердің мұддесін ескеретін механизмді күшейту қажет екенін айтады. «Нарықта қосымша қаражат тауып, жұмыс істеген өте дұрыс. Жұмысқа қабілетті, экономикалық белсенді азаматтар мемлекеттің басты ресурсы. Бірақ олардың қазіргі жай-күйін, физикалық қабілетін, еңбек өнімділігін бақылап отырған кім бар? Кәсіподақтардың қызметі әлсіз, беделі төмен. Бұрынғы билік жүйесіне сол әдіс тиімді болды да, кәсіподақтарды «қолбалаға» айналдырып жіберді. Осы себептен еңбек нарығында нақты бір жүйе, ашық бақылау жоқ. Дамыған елдерде адам өмірі басты орында тұрады. Мәселен, Финляндияны алайық, бес миллионнан аса ғана халқы бар, шағын мемлекет. Осы 5 млн халықтың жағдайымен айналысатын 125 мың үкіметтік емес ұйым бар. Әлем елдері осындай тәуелсіз ұйымдардың зерттеуін негізге алып жұмыс істейді. Бізге де осы жүйені қалпына келтіру қажет», – дейді маман.

Елімізде еңбек нарығын қадағалап, қызметкердің құқығын қорғайтын маман жеткіліксіз. Халықаралық еңбек ұйымының талабы бойынша әр 10 мың тұрғынға шаққанда 1 еңбек инспекторы жұмыс істеу қажет. Ал біздегі халық саны көп мегополис – Алматыны алсақ, 40 мың тұрғынға бір инспектордан келеді екен. Бүгінде Қазақстанда 3 республикалық кәсіподақ бірлестігі, 56 салалық, 35 аумақтық, 370 жергілікті кәсіподақ ұйымдары жұмыс істейді. Өкінішке қарай, соңғы бес жылда жалдамалы жұмысшылардың кәсіподақпен қамтылуы 10%-дан астам төмендеген.

Еңбек нарығындағы шынайы жағдай мен азаматтардың табысын анықтауда нақты картинаны алу үшін үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) қызметін де толығымен пайдалану керек дейді экономист Оразалы Сәбденов. «Бізде ҮЕҰ жұмысы көбінесе түрлі грантқа, қаржы көздеріне тәуелді. Олай болмауы керек, ҮЕҰ жұмысы ашық болып, тәуелсіз сараптама жасауы тиіс. Үкімет сол ұйымдардың ашық ақпараты бойынша жұмыс істесе нақты нәтиже көрінбек».

Құзырлы органдар 2023 жылдың соңғы тоқсанында еліміздегі орташа айлық 393 600 теңгеге жетті деп мәлімдеді. Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 12%-ға көп.

Halyk Finance сарапшылары бұл өсім негізінен жылдық сыйақыларды төлеуге байланысты артқанын жазады. «Былтыр жыл бойғы көрсеткішке қарасақ, орташа айлық жалақы 360,8 мың теңгеге жетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда он жеті пайызға артық. Бірақ нақты сандарға қарап әрі инфляцияны ескере келгенде айтар болсақ, жалдамалы жұмысшылардың кірісі екі жарым пайызға ғана өскенін көруге болады», – делінген аталған ұйым сарапшыларының мәліметінде.

Дегенмен сарапшылар жалақының өсуі экономикадағы өсім көрсеткішінен екі есе кейін қалып отырғанын айтады. «Жалпы, жалақының өсуі экономиканың 5,5%-дық өсімінен екі есе аз болғанын атап өткен жөн. Бұл үрдіс он жылдан бері байқалады және жалақы деңгейі мен ішкі жалпы өнім арасындағы әлсіз байланысты көрсетеді. Кейде олар әртүрлі бағытта өзгеруі мүмкін, мысалы ел экономикасы қысқарған кезде жалақы өсуі мүмкін және керісінше болады», – дейді олар.

Республика бойынша орташа айлық төрт жүз мыңға тақағанымен (393 600 т) теңгенің құнын инфляция түсіріп тұр. Мамандардың есебінше, соңғы он жылда отандық нарықта девальвациямен бірге инфляцияның өсуі де қатты жүрді. Нәтижесінде ең қажетті деген азық-түлік өнімдері, тауарлар мен қызмет бағасы бірнеше есе қымбаттаған. Мысалы, 2012 жылы орташа жалақы 106 620 теңге болса, нан бағасы 78-80 теңгені құрады. Ал 2022 жылы нан бағасы 160 теңге, орташа жалақы 268 051 теңгені құраған. Мұндай мысалды тізе берсек таусылмайды.

Экономистер бұл құбылысты ел экономикасындағы құрылымдық мәселелермен байланысты деп түсіндіреді. Яғни, біздегі жалпы жалақы әлемдік стандарттармен салыстырғанда айтарлықтай төмен болып қалады және халыққа тауарлар мен қызметтерді толығымен тұтынуға мүмкіндік бермейді. Мұндай жағдай кәсіпкерлерді экономиканың сапалы өсуін ынталандыратын күрделі және алуан түрлі өндірісті дамытуға ынталандырмайды.

Экономист ғалым Оразалы Сәбденовтің айтуынша, еңбек нарығында түбегейлі шешілуі тиіс тағы бір мәселе өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға қатысты жағдай. «Бізде «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» деген санат бар. Ол 2 млн 700 – 3 млн адам. Олар бірыңғай зейнетақы жинақтау жүйесіне толық қатыса алмай отыр, медициналық сақтандыру да қарастырлмаған. Олардың біразы делдалдық қызметпен жан бағып жүр. Үкімет осы мәселені реттеуі тиіс. Енді осы «өзін-өзі қамтыған» жандармен жергілікті билік өкілінің жұмыс стиліне қарасаңыз, әкімдік қызметкері ол кісіге барады да «Пәленшеке, бізде көше сыпырушының орны бос еді, айлығы осынша, келесіз бе?» деп сұрайды. Жаңағы кісі ол жұмысқа «бармаймын» дейді. Бір жағы айлығы аз, екіншіден менталитет мәселесі бар. «Ендеше бармаймын деп қол қойып беріңіз», – дейді әкімдік қызметкері. Жоғарыға осы есеп жіберіледі, бітті. Бюрократия деген осы. Осы қолдан жасалған жалған жұмысты жоймай іс оңалмайды», – дейді сарапшы.

Бюрократияны тоқтатып, нақты нәтижемен жұмыс істеу үшін Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін өзгертуге тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 7 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында ЖІӨ көрсеткіші мен бірге халықтың нақты табысын да қарқынды өсіруді тапсырды. Айрықша құзыретке ие болған жаңа Үкіметтің жұмысы да осы үдеден шығуға тиіс-ақ.

Бауыржан БАЗАР

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ БАҒЫНА ТУҒАН ҚҰБЫЛЫС

Наурызбек САРША

Жолсызда жүріп жол табу, шөлейтті жерде су табу қандай қиын болса, өнерде жүріп алғашқы атану да оңай емес. Себебі барлық дүниені басынан бастау керек. Оған «дем салып, жан бітіру» қажет. Әйгілі Хафиз «Қызды ең бірінші гүлге теңеген ақын – ақын, ал екінші теңегендердің ақындық қабілеті күмән тудырады» дейді. Өнерде өзіңе дейінгі салып берген сара жолмен жүрмей, дара жолмен жүріп із қалдырғанды «құбылыс» дейді. Қазақтың дархан даласы осындай дарындардан кенде емес еді. Соның бірегейі – ғұмырын кино саласына арнаған бірегей талант Шәкен Айманов болатын. Бүгін осынау біртума жанның дүниеге келгеніне – 110 жыл.

Қазақ киносы туралы сөз қозғар болсақ, әуелгі сөзді Шәкен Аймановтан бастаймыз. «Шәкен Айманов атындағы Қазақфильм киностудиясы ұсынады» деген сөз құлағымызға әбден сіңісті болып, кино десе – Шәкен Аймановты, Шәкен Аймановты айтсақ, киноны елестететініміз шындық. Бірақ ұлы талант иесі бұл жолға жету үшін ұлт мәдениетінің уызына қанды, тамырының негізінен айнымады, өнердің «тар жол, тайғақ кешуін» өткерді. Өнер үшін бетке алған бағытынан таймады. 1914 жылы 15 ақпанда қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген ол Семей мұғалімдер техникумында оқып жүргенде, Алматыдағы Қазақ драма театрына шақырылып, 1933 жылдың маусым айында театрға жұмысқа қабылданады. Алғашында Грамофонов, Қодар, Алдар көсе, Исатай, Кассио рөлдерін ойнап, көп ұзамай Тихон, Великанов, Шадрин, Кидд, Бретт, Хлестаков, Казанцев сияқты классикалық рөлдерді сомдады. Осылайша, үлкен арман жолындағы алғашқы баспалдағын театрдан бастаған хас талант қазақ сахнасында романтикалық театр мектебін калыптастырған болатын. Режиссерлік қабілетін де театрдың қабырғасында жүріп жетілдірді. «Мылтықты адам», «Таланттар мен табынушылар», «Намыс соты» атты аударма пьесаларды сахнаға шығарып, режиссерлік жасады. 1947-1951 жылдары Қазақ драма театрының бас режиссері болуы оның режиссерлік стилінде ұлттық бояу, сахналық айшықты түр іздеу басымдығынан болатын. Өзінің киноға келу тарихын режиссер өз естелігінде: «Соғысқа дейінгі кезең. Киноға түсуге кино алаңына келдім. Бұл 1937 жыл болатын. Қастек ауылында Амангелді Иманов туралы фильм түсірілді. Режиссері – М. Левин. Бір сағат қана тамашалауға келгем. Бірақ кино алаңынан кете алмадым. Күні бойы осында жүрдім. Режиссерге келіп, өзіме рөл беруін өтініп едім, ол маған рөлдердің бәрі тарқатылып қойғанын, массовкада сарбаздың қатарында болуымды өтінді. Сарбаз болса, несі бар? Өзіме костюм дайындап, опа-далапты да өзім әзірледім. Сол күні мені түсіріп алды. Сол күннен бастап, менің киноға деген ерекше махаббатым оянды. Әрбір дүйсенбі күні кино түсіру алаңына келіп жүрдім. Қолымнан келген шаруаларды атқара беремін. «Алда тағы кино түсіретін болсам, саған міндетті түрде рөл беремін», – деп өз уәдесін берді М. Левин. Режиссер өз уәдесінде тұрды. Мұхтар Әуезовтің сценарийі бойынша түсірілген «Райхан» фильмінде Сәрсеннің рөліне бекітті. Осылайша, мен кино актер болдым», – деп жазады. Бұдан кейін «Абай әні», «Жамбыл» фильмдеріне түсу арқылы кино өнерінің де қыр-сырын меңгеріп, осы саладағы жемісті жолын бастаған режиссер 1953-1970 жылдары «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлес қосты.



ӨЗ КЕЙІПКЕРІНІҢ РЕЖИССЕРІ БОЛҒАН

Шәкен Аймановтың кино саласындағы орнын сұрап кинотанушы Нәзира Рахманқызына хабарласқанымызда, киносыншы режиссер шығармаларының қантамырында ұлттық бояу мен нақыш, ұлттық болмыс пен мінез-құлық неліктен мәңгі орнағанын айтып берді.

«Актер, режиссер Шәкен Аймановтың қазақ ұлттық киносының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі орасан зор. Ол тек шығармашылықпен ғана айналысқан жоқ, сонымен бірге кинематографистер Одағының құрылуына, Алматыдағы Кино үйі іргетасының қалануына ықпал етіп, олардың жұмысының басы-қасында болды. Бұған қоса, кино мамандарының қажеттілігі туралы үнемі мәселе көтеріп, осы бағытта көп жұмыстар атқарды. Сондықтан Ш. Айманов – тек қазақ ұлттық көркемсуретті киносының негізін қалаған ұлы режиссер ғана емес, еліміздегі кино өндірісінің қалыптасуына, шығармашылық кадрлардың киноға келуіне өлшеусіз еңбек еткен үлкен қайраткер.

Ш.Аймановтың шығармашылығын қарастырғанымызда, кинодағы ең алғашқы қадамына мән беруіміз керек. Бұл өте маңызды. Ол тұңғыш рет «Амангелді» фильміндегі көпшілік сахналардың бірінде ірі планмен қас-қағым сәтте пайда болатын сарбазды ойнайды. «Киетін киімді өзім тауып, мұрт жапсырып, гримді де өзім жасап алдым. Мені тіпті ірі планмен көрсетті», – дейді Аймановтың өзі. Байқағаныміздай, бір уақытта әрі актер, әрі суретші, әрі киім маманы, әрі бет әрлеуші қызметінің элементтерін көріп отырмыз. Яғни, осы бір шағын ғана көріністе өз кейіпкерінің режиссері болған. Біздіңше, Шәкен Аймановтың әрі актер, әрі режиссер ретіндегі ұлы жолы дәл осы сарбаздың бейнесінен басталғандай. Ұзақ уақыт өтпей-ақ, экрандағы сарбаз кейіпкерден қазақ ұлттық киносының көшбасшысына айналады», – дейді ол.

«Шәкен Айманов фильмдерінің өміршеңдігі құпиясы неде?» деген сұрағымызға кинотанушы былай деп жауап берді: «Әрине, оның себептерін шексіз айта беруге болады. Бірақ ең негізгісі: елін, жерін, қазақты, оның өнері мен мәдениетін сүйді. Әлбетте, бұл сүйіспеншілік фильмдеріне көшті. Сондықтан фильмдеріндегі тартыстың бір жағында міндетті түрде ұлттық құндылықтар мен дүниетанымды қорғау, дәріптеу жолындағы күрес тұрады. Ол шығармалардың қан тамырында ұлттық бояу мен нақыш, ұлттық болмыс пен мінез-құлықтың мәңгі орын алатыны да сондықтан. Шәкен Айманов фильмдерінің өміршеңдігінің негізгі құпиясы да осында болса керек.

Ш.Аймановтың өзі: «Ұлттық кино ең алдымен адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, сөзі, сезімі арқылы дүниеге келеді. Сондықтан дұрыс әрі дәл көрсетілген ұлттық мінез-құлық фильмнің ұлттық формасын айқындайды», – деп жазды. Бұл – қазіргі әрбір киногеріміз ұмытпауы тиіс әрі қазақ киносы үшін әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған маңызды сөздер деп ойлаймын», – дейді кинотанушы Назира Мұқышева.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ФИЛЬМІНІҢ АВТОРЫ

1953 жылы «Махаббат туралы аңыз» атты көркем фильмін тудырған режиссер туралы бүгінгі кинотанушылар бұл фильмді «ең алғашқы қазақтың ұлттық фильмі» деп санайды. Осы ретте кинотанушы, Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА оқытушысы, Ұлттық киноны қолдау орталығының жанындағы Сараптама кеңесінің мүшесі Дана Әмірбековаға пікіріне құлақ түрелік.

«Шәкен Айманов – ұлттық кинорежиссурамыздың іргетасын қалаған тұңғыш режиссеріміз. Оның «Махаббат туралы аңыз» туындысын тұңғыш қазақ көркем фильмі деп атай аламыз. Әрине, бүгінге дейін қазақтың тұңғыш көркем фильмі деп «Амангелді» киносын атап келдік. Бірақ кинотанушы Бауыржан Нөгербек өзінің осы тақырыпты зерттеген мақаласында ойын нақты мысалдармен жеткізеді. Мысалы, «Белгілі бір ұлттың фильмі деп аталу үшін ол фильмді сол ұлттың киностудиясында, өзінің техникасымен түсіріп және сол фильмнің авторы да, актерлері де сол ұлттың өкілі болуы керек. Сонда ғана біз толыққанды сол елдің ұлттық туындысы деп есептейміз», – деген пікірін айтады. Яғни, өзіміз білетіндей, «Амангелді» фильмін біздің студияда емес, «Восток-кино» студиясы түсіреді, киноның режиссері – Моисей Левин. Сценарий авторы Ғабит Мүсірепов пен Бейімбет Майлин болғанымен, ол тұлғалардың есімдерін алып тастаған еді. Былай қарасақ, қазақ жайлы, қазақ тарихы туралы фильм, бірақ қазақ киногерлері түсірмеген. Яғни, кинотанушы атап кеткен талаптарға сай келмей тұр. Бауыржан Нөгербек осы мақаласында «Амангелді» фильмін – қазақтың тұңғыш көркем фильмі дер болсақ, одан ертерек 30-жылдары жарыққа шыққан «Дала әндері», «Жұт» секілді фильмдерді неге қазақтың тұңғыш фильмі деп санамаймыз» деген сұрағын қояды. Осы ретте «өзіміздің авторларымыз сценарий жазған, өзіміздің киногерлер түсірген, өзіміздің актерлер ойнаған тұңғыш фильм ол – Шәкен Аймановтың дебюттік фильмі – «Махаббат туралы аңыз», – деп дәлелдейді. Шәкен Айманов – сонымен қатар қазақ киносындағы жанрлық түрленуді алып келген режиссер. «Алдар көсе» фильмі – фэнтези жанрында, «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште» фильмдері – мюзикл элементтері бар комедия жанрында, соғыс тақырыбында – «Атамекен», «Атаманның ақыры» фильмі – детектив жанрында түсірілген. Тағы бір ерекшелігі, ол – «төртінші қабырғаны бұзуды» алғаш алып келген режиссерлердің бірі. «Төртінші қабырғаны бұзу дегеніміз – кинода актер өзінің рөлін сомдап отырып, кілт тоқтай қалып экранға бұрылып көрерменге тіл қатуы. Міне, осы бір дүниені өзінің фильмдерінде қолданады», – дейді кинотанушы.

«АЛДАР КӨСЕ ДЕП БІЛЕТІНМІН»

Шәкен Айманов көп таланттың бағын, өнердегі жолын ашты. Әрбір актерге қамқор болып, мейірімін төкті. Сондай бір мейірімін көрген жандардың бірі – кинорежиссер Болат Қалымбетов. Режиссер қазақтың арда ұлы туралы былай дейді:

«Шәкен Айманов – қазақ кино өнерінің тарихы деп айтсақ болады. Мұндай таланттар ғасырда бір туатын шығар. Ән де айтады, би де билейді, түрлі аспапта ойнайды, өзі актер, өзі режиссер. Мен өзімді Шәкен секілді қазақ киносы корифейлерінің көзін көрген жан ретінде бақыттымын деп есептеймін. Жалпы, мен киноға 1967 жылы келдім. Қарап отырсам, 60 жылдай кино саласында жүр екенмін. 1967 жылы Абдолла Қарсақбаев жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі бойынша кино түсірмек болып, басты кейіпкер Бектастың рөлін 15 шақты бала ойнап, кастингке қатыстық. Сол кездегі көркемдік кеңестің мүшелері Әбдіжәміл Нұрпейісов, Асқар Сүлейменов, Олжас Сүлейменов сынды кілт мықтылар еді. Барлығымыз бір адамды күтіп отырдық. Сол кезде Шәкен аға «Қазақфильмнің» көркемдік жетекшісі екен. Оны кейіннен білдім. Мен Абдолла Қарсақбаевтың жанындағы екінші режиссер Сара Жорабаева апайдың қасында тұрғанмын. Бір кезде «Қазақфильмнің» ұзын дәлізімен үстінде шибаркыт костюм киген, қолында трубкасы бар үлкен кісі келе жатқанын көрдім. Көре сала, «Сара апай, әне Алдар көсе келе жатыр» деп таңғалысымды жасырмадым. «Бұл кісі – Шәкен Айманов деген кісі» деп таныстырды маған. Содан 15 баланың рөлдерін талдады. Сонда үшінші болып мен шықтым. Экрандағы қайғылы эпизодты ойнаған өзімді көріп жылап жібердім. Дауысым да шығып кетті. Кейіннен үш-төрт сағат талдап, ақыры мені таңдады. Сол кезде Шәкен Айманов «әй бала, сені мен таңдадым, есіңде ұста» деп әзілдеді. Міне, осылайша, кино саласына мені Абдолла Қарсақбаев пен Шәкен Айманов әкелген еді. Кейіннен бала болсам да бірнеше фильмге түстім. Бірде дәлізде өтіп бара жатсам, Шәкен аға бауырына тартып, «Осы сені «Қазақфильмнен жұмыстан шығарам-ау деймін, ақшаның барлығын сен алып жатырсың, мына менің өзімде ақша жоқ» деп жымиды. Бұл сөзі көңіліме тиіп, Абдолла ағаға бардым. Болған жағдайды айтсам, Абдолла ағам бір күліп алып, сен әлі кәмелетке толмаған, бізге жұмысқа тұрмаған баласың, сені қалай жұмыстан шығарады? Ағаның солай әзілдейтіні бар» деді. Шәкен Айманов ағамызды қанша көрсем де ол кісіні «Алдар көсе» деп білетінмін. Түскі ас кезінде барлығы ескі киностудия жаққа тамақтануға кететін. Сол жақта үлкен емен ағашы бар. Шәкен аға соның көлеңкесіне отырып алып, алдына шахматты жайып қоятын. Содан жанынан өтіп бара жатқандарды шақырып алып, бәрін жеңетін. Шахматты жақсы ойнаушы еді. Шәкен ағадай режиссерге қазіргі қазақ киносы зәру. Ұлттық болмысты бойына сіңірген, өз ұлтының картинасын жасай алатын адамдар керек. Бүгінгі киноларға қарап, Шәкен Аймановтың жоқтығы қатты білінеді», – дейді режиссер.

ТҮЙІН:

Шәкен Айманов – қазақ өнерінің шоқтығы биік тұлғасы, талантты актері әрі режиссері. Ол ұлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуы мен дамуы үшін бүкіл ғұмырын арнады. Ол өз естелігінде өзі туралы «Он бес жылда он фильм түсірдім. Өзімді әлі толыққанды кинорежиссермін деп айта алмаймын», – депті. Бүгінгі көрінгенді сөз қылып, қызылды-жасылды дүниені түсіріп жүрген жандардың бөлмесіне іліп қояр осы бір сөз бізге Аяз бидің шапанындай әсер етеді. Бұл – өнерге деген шынайы адалдық болса керек. Бүгінде оның есімі «Қазақфильм» киностудиясына берілді. Ол тұрған үй мен студия ғимаратына мемориалдық тақта орнатылып, мұражай кабинеті ұйымдастырылды. Мақала соңын Шәкен Аймановтың қазақ киносына қосқан зор үлесі туралы Бауыржан Нөгербектің мақаласындағы мына бір сөзбен аяқтасақ дейміз: «Ендігі бар сеніміміз – Ш.Айманов қалдырған сабақтардың із-түзсіз жоғалмайтыны. Оның рухы мәңгі жарық, гуманистік өнері қазақ киносына қайтадан оралып отырады, ал Үкімет материалдық және адамгершілік тұрғысынан ұлттық дәстүрімізді, өнерімізді қолдайды деп үміттенеміз».

ТҰҚЫМ ЖАЙЫ ТҰҚЫРТЫП ТҰР

Жерден нәсібін тапқан диқан қауымының көктемгі егіс науқаны жақындаған сайын алаңдайтыны бар. Былтырғы күзгі жиын-терім кезінде тоқтаусыз жауған жауыннан астықты тұтастай ылғал басып әрі жаз бойы қуаңшылықтың салдарынан күйіп кетіп мүлде аз өнім бергені шаруалардың шымбайына батқан. Аса ірілері болмаса көктемгі егіс науқанына сақадай сай болып тұрған диқан көрінбейді. Көпшілігін қинап тұрған басты мәселе – тұқымның қат әрі қымбаттығы болып тұр.

Тұқым саласындағы түйткіл елдің ауыл шаруашылығын тұтастай тұралататын түрі бар. Өйткені құзырлы органдар ұсынған ресми деректерге сенсек, былтыр күзде ай бойы жауған жауын салдарынан егіннің 50 пайызын толықтай ылғал басып, кластан тыс астыққа айналған. Күзгі жиын-терім есебінен қарызынан құтылуды жоспарлап банктерден миллиондап несие алған шаруалар қарызын қайтармақ түгіл, қарауындағы еңбеккерлердің жалақысын да төлей алмай қалған. Үкімет қарызын қайтару үшін несие мерзімін ұзартуға пролонгация бергенімен, аймақтағы шаруалар күні бүгінге дейін несие төлеу мерзімін ұзарта алмағанын айтып зар илеп отыр. Астықты аймақтардың бірі – Ақмола облысында да шаруалар тұқымның тапшылығын тартып отыр.

Көктемгі егіскезінде дән себе алмай қаламын ба деп шақшадай басы шарадай болып жүрген шаруалардың бірі – атбасарлық Марат Ыдырысов. Шағын шаруа қожалығының иесі осыған дейін алған несиелік қарызын толық қайтарып келгенімен, былтырғы ауа райының қолайсыздығынан қомақты сомадағы қарызын қайтара алмай қалған.

– Былтыр қуаңшылықтан және күзгі жаңбырдың салдарынан астықты жөндеп ала алмадым. Гектарына бар-жоғы 3,8 центнерден ғана айналды. 600 гектар егістік алқабымнан тек 150 тонна кластан тыс бидай алдым. 50 тоннасын элеваторға 49 мың теңгеден әзер өткіздім. Егін егуге кемінде тоннасына 100 мың теңгеден астам қаржы жұмсалғандықтан бұл өзінөзі де ақтамады. Дегенмен жұмысшыларға жалақысын төлеу үшін осындай қадамға баруға мәжбүр болдым. Былтыр форвардық сатып алумен «Азық-түлік келісімшарт корпорациясынан» 12 миллион 300 мың теңге қарыз алғанмын. Оны қайтару мүмкін болмады. Қарыз мерзімін ұзартып, пролонгация жасау туралы өтінім беріп

қойдым. Бірақ әлі шешілетін түрі көрінбейді. Жұмысшыларыма да бірнеше айлық жалақысын бере алмай жатырмын. Қазір қолымда бар жердің ұзақ жылдық жалдау мерзімі құқығын, қоймаларым мен өндірістік базаларымды, техникаларымды сатуға қойдым. Басқа амалым жоқ. Бірақ олардың өзі өтпей тұр. Осыған дейін 2021-2022 жылдары Халық банкінен және «Азық-түлік келісімшарт корпорациясынан алған 30 миллион теңге қарызымды жауып тастағанмын. Бұл жолы қарызды қайтару аса үлкен қиындық тудырып тұр. Көктемгі егіске шыға алмайтын түрім бар, – дейді атбасарлық шаруа қожалығының иесі Марат Ыдырысов.

Аталған мәселені «AMANAT» партиясының партиялық бақылау комитетінде көтерген Парламент Мәжілісінің депутаты Павел Казанцев Үкімет пен құзырлы органдардан жедел әрекет ету қажетін жеткізген. Оның айтуынша, былтырғы астықтың шамадан тыс сапасыздығы, өнімнің тым аздығы, қосалқы бөлшектер мен жанармайдың, тұқымның жетіспеушілігі әрі қымбаттап кетуі шаруалар жайының шатқаяқтап кетуіне себеп болған. Бұл орайда шаруалардың егістік жерлерде агротехнологияларды қолданбауына, егістік алқаптардың егілмеуі салдарынан қысқаруына әкеліп соқпақ.

– Мемлекет көктемгі егіс науқанына әзірліктің барлық кешенді мәселелерін шешкенімен қағазбастылық, немқұрайдылық пен ұйымдастырудың төмендігі түйткілдің одан әрі көбеюіне ықпал етіп тұр. Мұның бәрі азық-түліктің де қымбаттап, оның арты ауыл тұрғындарының әрі жалпы қоғамның әлеуметтік шиеленісін ұлғайтпақ. Шұғыл арада бұл мәселені қолға алып, жылдам әрекет ету қажет. Бізде мәселені жедел шешу үшін қолымызда барлық ресурс, бар, – дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Павел Казанцев.

Депутат аталған мәселені шешу үшін партиялық органдардың барлық құрылымдары мен жергілікті белсенділер, өңірлік және аумақтық филиалдар, мәслихаттардың депутаттық фракциялары бірлесе әрекет етуі тиіс екенін атап өтті.

> *Ресми деректер бойынша фермерлердің орасан шығынға батуы салдарынан олар көктемгі егіске ұсынылатын қызметтер мен тауарларды алуға қауқары жоқ. Оның үстіне субсидия мәселесінде де елеулі проблемалар пайда болған.*

Ресми деректер бойынша фермерлердің орасан шығынға батуы салдарынан олар көктемгі егіске ұсынылатын қызметтер мен тауарларды алуға қауқары жоқ. Оның үстіне субсидия мәселесінде де елеулі проблемалар пайда болған. Субсидияны ала алмай қалғаны жөнінде фермерлер былтыр-ақ дабыл қаққан. Фермерлер былтырғы шілдеде егін орағын бастардың алдында-ақ «Даму» қорының өтінімдерді қабылдамай, несиелеу бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялаудың келісімшарты жасалмағанын, осының салдарынан фермерлер субсидия алуға да үлгермегенін айтты.

– Ауыл шаруашылығы министрлігіне тез арада кеңейтілген ақпараттандыру жұмысын жүргізу қажет. Субсидия беру бойынша порталда өтінімді рәсімдеуде көмек көрсетілуі тиіс. Аталған мәселеде партиялық құрылымдарды да жұмылдырған жөн. Қаражаттың бөлу мерзімі де нақтылауды қажет етеді. Субсидия көктемнің аяғында ғана беріліп, ал бұл кезде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері көктемгі егіс науқанын аяқтап та жатады, – деп толықтырды Павел Казанцев.

Шаруалардың көпшілігі, тіпті көктемгі егісті еге алмайтынын айтып отыр. Мұны өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы да растады.

– Өңірдегі шаруалардың басым бөлігі үшін көктемгі егіс науқаны аса үлкен қиындықтарға душар етіп отыр. Тұқымның әр тоннасының құны 200 мың теңгеден асып жығылды. Ал күзде алған өнімін 50 мың теңгеге өткізе алмаған шаруа мұндай қымбат тұқымды қалай алмақ? Бізге күн сайын тұқым ала алмай отырғанын айтып, тіпті егін еге алатын жағдайы болмай жатқанын айтып, көмек сұрап ондаған шаруа жүгінеді. Олар өте қиын жағдайда. Форвартың тәсілмен сатып алу үшін аудан әкімдігінің сенімхаты керек. Ал онсыз да шаруасы шатқаяқтап тұрғанын көзімен көріп тұрған әкімдік шаруаға мұндай сенімхатты бермейтіні айдан анық. Көпшілігі егістік алқаптары біржола арамшөпті далаға айналмас үшін кластан тыс бидайының өзін егуге мәжбүр болып жатыр. Одан өнімнің сапалы болу-болмауы да аса күмәнді. Бірақ шаруалардың басқа амалы да жоқ. Қымбат бағадағы элиталы тұқымды несиемен алуға олардың жағдайы көтермейді», – дейді Атбасар ауданы кәсіпкерлер палатасының директоры Роза Мырзабекқызы.

Облыстағы тұқым жетіспеушілігінің аса өткір жағдайда екенін өңірдің Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшылығы да мойындады. Ведомствоның дерегіне сенсек, облыстағы астық себушілер қажеттілігін толық қанағаттандыру үшін 536 мың тонна тұқым қажет. Алайда бүгінге дейін тек 430 мың тонна ғана тұқым бар. Яғни, кемінде 100 мың тоннадан астам тұқым қажет.

– Тұқым шаруашылықтары бар. Олар қазірдің өзінде 20 мың тонна тұқым сатуға әзір. Сонымен қатар облыстағы 10 элеваторда сараптамадан өткен тұқым бар. Бірақ оның қандай сұрып екенін айта алмаймыз. Тауарлық несиемен себілмей қалмас үшін олар осы тұқымды алып себуге мүмкіндіктері бар. Әкімдіктер және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен хабарласып осы мәселені де бақылауға алып отырмыз. «Азық-түлік келісімшарт корпорациясымен» де несие беру арқылы мәселені шешпекшіміз», – дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Қасымжан Иткұсов.

P.S.

Қысқасы астықты аймақ тұқымның тапшылығын тартып тұр. Бұл орайда экономиканың басты драйвері – ауыл шаруашылығы біржола тұралап қалмас үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Үкімет түйткілді шешу мақсатында кешенді іс-шаралар жүргізіп, субсидиялау саласындағы толғағы жеткен мәселелерді шұғыл шешсе, шаш-етектен қарызға батқан шаруалардың еңсесі түзелер ме еді деген ойдамыз...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

«ӘУЛИЕАТА ЖАСТАРЫ»: ЖОБА ЖАЛҒАСА МА?

Еркебұлан ДУЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Елімізде бұқараны баспанамен қамту бағытында жанданып жатқан жобалар аз емес. Екі жыл бұрын Жамбыл облыстық Жастар саясаты мәселелері басқармасы «Әулиеата жастары» жобасын қолға алған. Игі бастама алғашқы жылы-ақ жемісін бергенін жасырмаймыз. Алайда биыл жобаны қаржыландыру тоқтатылады деген әңгіме ел ішін желдей кезіп жүр.

Жалпы, «Әулиеата жастары» жобасы облыс бойынша барлық деңгейде талқыланып, сараланып, мақұлданған. Бағдарламаны әзірлеуде өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, Астана мен Алматы қалаларында оң нәтиже берген пилоттық бағдарламалар негізге алынды. Нәтижесінде, «Отбасы банк» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ мен облыс әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Бұған дейін облыста жастар мен жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған арнайы бағдарлама болмағандықтан, бұл бастама талай жастың төбесін көкке жеткізгендей еді.

Бағдарлама шарттары бойынша алғашқы жылы жастарға берілетін қарыздың ең жоғары сомасы 13 миллион теңгеге дейін бекітіліп, несие беру уақыты 19 жылға межеленді. Ал пайыздық мөлшерлеме – 5, бастапқы жарна 5 пайызды құрады. Бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт және журналистика саласында қызмет ететін 35 жасқа дейінгі Қазақстан азаматы қатыса алатын болып шешілді. Бұған қоса, бағдарламаға қатысушы конкурсқа өтінімді толтыру кезінде облыс аумағында өзі еңбек ететін салада соңғы бір жылдан кем емес уақыт жұмыс істеуі, «Отбасы банкінде» жинақ шотының болуы, соңғы бес жылда тұрғын үйдің немесе меншік құқығындағы тұрғын үйдің болмауы және әр отбасы мүшесіне бөлінген кездегі кірістің жалпы құны 140 470 теңгеден аспауын қажет етті.

Облыс әкімдігі мен «Отбасы банк» арасында бекітілген өзара келісім негізінде бюджеттен 500 миллион теңге бөлінсе, қатысушыларға құжат тапсыруға берілген 10 күннің ішінде 591 өтінім келіп түскен. Нәтижесінде, 21 адамнан жасақталған комиссия шешімімен барлық талапқа сай келетін 41 жас баспаналы болу бақытына кенелді.

Ал былтыр баспанамен қамтылатын жастардың санын арттыру мақсатында жергілікті бюджеттен – 1 млрд теңге, «Отбасы банкінен» 1 млрд теңге қаражат бөлінген болатын. Сонымен қатар бағдарлама талаптарына да бірқатар өзгеріс енгізіліп, қарыздың ең жоғары сомасы 15 млн теңгеге дейін көтерілген. Алдыңғы жылғы 5 салаға тағы дін саласының қызметкерлері қосылды. Нәтижесінде, өтінім қабылдаудың төрт кезеңі бойынша 677 өтінім қабылданып, комиссия шешіміне сәйкес, 226 қатысушыға «Отбасы банкіне» жолдама берілді. 451 өтінім талаптарға сай келмеуіне байланысты қанағаттандырылмады. Берілген 226 жолдама бойынша 82 қатысушы түрлі себеппен банк іріктеуінен өтпей қалса, 144 азамат тұрғын үй алды. Қоян жылының қорытындысы бойынша, тек Тараз қаласынан 132 адам баспана кілтіне қол жеткізсе, денсаулық сақтау саласынан 69, білім беру саласынан 21, журналистика саласынан 18, спорт саласынан 10, мәдениет саласынан 9 және дін саласы бойынша 5 азамат қоныс тойын тойлады.

Алайда бағдарламаның екінші кезеңі аяқталған соң ел арасында «2024 жылдан бастап «Әулиеата жастары» жобасы тоқтайды екен», «Бағдарлама «Отбасы банкіне» тиімсіз болыпты» деген сынды әңгіме тарала бастады. Бұл хабар алдыңғы жылдары іріктеуден өте алмай, бар үмітін биылға артып отырған талай жастың көңілін су сепкендей басқаны рас. Осы орайда, жобаның ендігі болашағы жайлы білмек мақсатта Жамбыл облысы әкімдігі Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Зұлпыхарға хабарластық.

– Қазір бағдарламаның биылғы кезеңінің шарттарын нақтылап жатырмыз. Осы уақытқа дейін біз басқарманың атынан облыс әкімдігінен 1,5 миллиард теңгеге сұрау жолдадық. Сондай-ақ «Отбасы банкіне» 1 миллиард теңге бөлуге сұраныс бердік. Қос тараптан 2,5 миллиард теңге бөлінген жағдайда биыл 170-ке жуық жасты баспанамен қамтуды жоспарлап отырмыз, – дейді басқарма басшысы.

Бұдан бөлек, биыл да бағдарлама талаптарына бірқатар өзгеріс енгізіледі. Ж.Зұлпыхардың сөзіне сүйенсек, осы жылы «Әулиеата жастарына» қатысуға мүмкіндігі бар 6 сала қызметкерлерінің қатары тағы бірнеше саламен толықпақ. Алайда олар нақты қандай саланың мамандары болатындығы әзірге белгісіз. Себебі барлық мәселе қаржыға келіп тіреліп тұр.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Хабарландыру

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының f-тармағы негізінде университетімізге қарасты «Яссы» қонақүй ғимаратының лифтісі ескіріп, жарамдылық мерзімі аяқталуына және қызмет көрсетуге жарамсыз болуына байланысты, жаңа лифт сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, әлеуетті өнім берушінің шарты бойынша, әлеуетті өнім беруші тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген тауарды алып келуге және монтаж жұмыстарын жүргізіп орнатуға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;

2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жүк құжат, келісімшарт, электрондық шот фактура,орындалған жұмыс актілері)

3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкесін тексеру тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.

7. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-HSBKKZKX, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 27.02.2024 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203

«Рауан Медиа Групп» АҚ (БСН 031040003120, Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 18 маусымда N 16619-1901-АҚ тіркелген) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Астана қ., Д.Қонаев к., 12/1, 512 кеңсе бойынша қабылданады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАЛҒЫЗДЫҚҚА ӘКЕЛЕ МЕ?

Американдық CB Insights консалтингтік компаниясының сарапшылары болжамынша, биыл бірнеше ғажайып технологиялық шешім өмірге келеді.

Алдымен генеративті жасанды интеллектің (GenAI) не екенін түсіндірейік. Генеративті жасанды интеллект (GenAI – Generative Artificial Intelligence) – бұрын болмаған нәрсені жасайтын жасанды интеллектің ең жылдам дамып келе жатқан түрі. Ол жаңа контентті әртүрлі формада жасайды: мәтіндік, дыбыстық және визуалды. Генеративті модельдер деректер жиынын пайдаланып тапсырмаға сәйкес жаңа контент жасауға үйретілген. Бұл – оның қазіргі ЖИ модельдерінен негізгі айырмашылығы.

Қарапайым мысалмен түсіндірейік. Егер сіз бүгінгі ЖИ жүйелерінен «Жолда адам келе жатыр ма, әлде көлік келе жатыр ма?» деп сұрасаңыз, ол нақты жауап береді. Ал генеративті ЖИ-ден жолдың бойымен кетіп бара жатқан адамды көлік озып бара жатқан суретті салуға тапсырма беруге болады. Ол бұл тапсырманы өте сапалы орындай алады – нәтижесі мәтінмен емес, суретпен беріледі. Осылайша, генеративті ЖИ бұрын өзі көрген контентті қолданып жаңа контент тудырады және ол үздіксіз үйренетін болып жасалады.

2023 жылы генеративті жасанды интеллектке (GenAI) қызығушылық жылдам өсті. CB Insights консалтингтік компаниясының сарапшылары 2024 жылы саланың дамуы туралы болжамдарымен бөлісті. Сарапшылардың қорытындысы төмендегідей:

• ЖИ чиптеріне көп электр энергиясы қажет.

2024 жылы Nvidia-ның жоғары өнімді ЖИ чиптері Грузия немесе Гватемалаға қарағанда айтарлықтай көп электр энергиясын тұтынады деп болжануда. Бұрынғы деректер орталықтарына соншалықты энергия қажет емес еді. Алдағы 15 жылда деректер орталығы тұтынатын энергияның 80%-ын ЖИ тұтынатын болады.

Бұл салқындату жүйелері мен жаңартылатын энергия көздеріне сұраныстың артуына әкеледі. CB Insights сарапшылары ЖИ-дің болашағы орнықты болуы үшін жаңа атом электр стансалары қажет деп санайды.

• Деректердің жетіспеушілігі жаңа дереккөздерді іздеуге әкеледі.

Зерттеушілер 2026 жылға қарай адамзат үлкен тіл үлгілерін (LLM) оқытуға арналған жоғары сапалы мәтіндік деректер таусылады деп есептейді. Бұл тенденция ЖИ-дің ары қарай дамуын бәсеңдетуі мүмкін. Нақты деректердің жоғары құны мен тапшылығы синтетикалық деректер жиынына сұраныстарды арттырады. Мұндай ақпарат жинақтарын адам емес, компьютерлік алгоритм жасауы мүмкін.

• Жаңа графикалық процессорлар (GPU) жасалады.

GPU тапшылығы жағдайында технологиялық компаниялар арасындағы бәсекелестік артып келеді. GPU тапшылығы салаға қатты әсер етеді және Nvidia H100 графикалық процессорлары үлкен үстеме бағамен сатылады.

SpaceX негізін қалаушы және бас директоры Илон Масктың сөзінде шындық бар: «Қазір GPU-ларды сатып алу заңсыз заттарға қарағанда қиынырақ».

> *Биыл адамдар ЖИ жүйесінде достар тауып, солармен көбірек уақыт өткізетін болады. CB Insights сарапшыларының пікірінше, романтикалық ЖИ шынайы өмірдегі адамдар арасындағы қарым-қатынастардың азаюына алып келеді. Қазірдің өзінде пайдаланушылар ақылы түрде виртуалды достар таба алады.*

Nvidia H100 – жасанды интеллект үшін арнайы жасалған графикалық процессор. H100 негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның жоғары өнімділігі. Процессор қуатты есептеуіш ядролармен және ақпаратты жоғары жылдамдықпен өңдеуге мүмкіндік беретін үлкен көлемдегі жадпен жабдықталған.

H100 процессорының өзіндік құны 3,3 мың доллар болғанымен, оның нарықтағы бағасы – 30 мың доллар, яғни он есе қымбат бағаға сатылады. Ал eBay-дегі H100 бағасы 45 мың долларды құрайды.

H100-ді негізгі сатып алушылар қатарында Tesla, Amazon, Google, Meta, Alibaba Group, Microsoft және басқа да жоғары технологиялық компаниялар бар. Өсіп келе жатқан сұраныс жағдайында Nvidia-ның ең ірі тұтынушылары графикалық процессорларын жасауға қажетті чиптерді өздері әзірлеуге кіріскен.

• ЖИ-достар өмірдегі шынайы достарды алмастырады.

Адамзат жалғыздық індетін бастан кешіруде. Смартфондар дәуірінде жаңа буын өкілдері уақытының көп бөлігін желіде өткізеді. Олар цифрлық инновациялар дәуірінде өсті: интернет, әлеуметтік желілер және мобильді құрылғылардың ортасында есейді. Z ұрпағын «цифрлық жергілікті тұрғындары» деп те атайды. Өйткені бұл адамдар туғаннан бері технологиямен қоршалған және онымен табиғи түрде әрекеттеседі.

Биыл адамдар ЖИ жүйесінде достар тауып, солармен көбірек уақыт өткізетін болады. CB Insights сарапшыларының пікірінше, романтикалық ЖИ шынайы өмірдегі адамдар арасындағы қарым-қатынастардың азаюына алып келеді. Қазірдің өзінде пайдаланушылар ақылы түрде виртуалды достар таба алады.

Ондай сервистердің бірі – Candy ЖИ. Бұл жерде сіз виртуалды «досыңыздың» көзінің және шашының түсін, жасын, ұлтын, шаш үлгісін, дене түрін, дауысын, мамандығын, хоббиін, қарым-қатынас түрін және киім үлгісін таңдай аласыз.

Жобаны жасаушылар виртуалды жігіт немесе қыз жай ғана код емес екенін айтады. Олар романтикалық қарым-қатынастарды модельдеуге арналған. Ол адамдардың арасындағы қарым-қатынас дағдыларын және басқа да функцияларды меңгерген.

• Генеративті ЖИ дипфейкпен күресуге көмектеседі.

Deepfakes генеративті жасанды интеллект (GenAI) құралдарының арқасында жетілдірілуде: шынайы өмірдегі адамдардың бетбейнесі мен дауысын дәл қайталайды. Жақын айларда генеративті ЖИ киберқауіпсіздікті күшейтуге бағытталған жаңа қызметтер көрсете бастайды, оның ішінде дипфейкті анықтау да болады.

Deepfakes қазірдің өзінде ойын-сауық индустриясы мен блогерлер тарапынан жоғары сұранысқа ие. Бірақ олардың адам өміріне әсері күшейгендіктен, қоғам дипфейктермен күреске көңіл бөлуде.

• GenAI медианың жұмыс істеу тәсілдерін өзгертеді.

Медиа құралдар жаңалықтарды жинауды, жасауды және таратуды жеделдету үшін ЖИ-ді белсенді пайдалана бастады. Бұл тренд алдағы уақытта да дами береді.

Мысалы, The Associated Press соңғы жаңалықтардан хабардар болу үшін өз жұмысында әлеуметтік желілердің ЖИ арқылы жасалған мониторингті пайдаланады. Washington Post газеті Heliograf бағдарламалық құралын пайдаланады.

Ол спорт нәтижелері сияқты салалық деректерге негізделген контент жасауды жеңілдетеді. Кувейт, Үндістан және Малайзия телеарналары былтыр ЖИ-мен жұмыс істейтін виртуалды жаңалықтар жүргізушілерін ұсынғаны да бұл процестің тым жылдам жүріп жатқанын көрсетеді.

Біз биыл жалпы ақпараттық нарықта пайда болатын 6 технологиялық жаңашылдықты таңдап алып көрсеттік. Осындай қарқынмен дамыған генеративті ЖИ (GenAI) енді 10 жылда адамдар арасындағы коммуникацияны да, еңбек нарығын да өзгертетіні анық.

Бегім ҚАЙРАТ

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНА ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ

Елордада республикалық арқан тартыс федерациясы V дүниежүзілік көшпенділер ойындарына арқан тартыстан ерлер мен әйелдер арасында іріктеу жарысын өткізді.

Аталмыш жарыс II кезеңнен тұрды. Біріншісінде аймақтық іріктеу сайыстары өтсе, II кезеңде аймақтық жарыстардың жеңімпаздары финалдық сында бақ сынайды.

Қаладағы №7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спорт кешенінде өткен алғашқы орталық аймақтық жарысына Астанадан бөлек, Алматы, Қарағанды, Ұлытау облысының командалары қатысты. Ерлер арасында бес команда тартысқа түссе, әйелдерден құралған үш команда жүлдеге таласты. Нәтижесінде, ерлер арасында Ұлытау облысынан келген «Ұлытау арқарлары» командасы жеңіске жетті. Ал екінші орын елордалық «Барыс-4» командасына бұйырды. Үшінші орын – Алматы облысының еншісінде.

Әйелдер арасында астаналық «Барыс-3» командасы алтыннан алқа тақса, елордалық ұжым «Қара қабылан» екінші орынға тұрақтады. Үздік үштікті Алматы облысының бұрымдылары түйіндеді. Жарысты ұйымдастырушы «Арқан тартыс» федерациясы жүлделі бірінші орынға 500 мың теңге, екінші орынға 300 мың теңге, үшінші орынға 200 мың теңге сыйақы мен бағалы естелік сыйлықтарды табыстады.

Енді арқан тартыс бойынша Солтүстік аймақтық іріктеу кезеңі 17 ақпан күні Көкшетау қаласында өтеді. Солтүстік аймақта Ақмола, Қостанай, Павлодар, СҚО облыстары қатысады. Одан кейінгі бәсекелер, Шығыс Қазақстан облысы, Батыс Қазақстан облысы, оңтүстік аймақтарда өтеді. Финалдық тартыс 7 наурыз Астана қаласында өтеді деп жоспарланған.

ТҰМСА ТАБИҒАТТАҒЫ ТІРШІЛІК

Ұлттық музейде National Geographic журналының «Жануарлар әлемінің ғажайып суреттері» атты фотокөрмесі өтіп жатыр. Көрме қонақтары әлемнің түкпір-түкпіріндегі түрлі жабайы аңдар суретін тамашалай алады.

Көрмеде National Geographic журналындағы жарияланымдар арасынан таңдап алынған хайуанаттар әлемінің ең үздік суреттері ұсынылған.

«Осыдан 8 жыл бұрын осы күні «National Geographic Қазақстан» журналының алғашқы нөмірін шығарған едік. Сонда «Әлемді өзгерткен 50 үздік фото» көрмесін осы музейде ұйымдастырдық. Көрермендердің ыстық ықыласы мен жоғары бағасы бізді шабыттандырып, осы ағартушылық бағытта тұрақты түрде әлемдік деңгейдегі фотокөрмелерді өткізуді ұйғардық. Содан кейін «Тағам болашағы», «Киіктер», «Ақжайықты аялайық», «Алыс та жақын Америка», сирек, жойылып бара жатқан аң-құстар туралы «Фотоараша» көрмелерін ұсындық», – дейді «National Geographic Қазақстан» журналының бас редакторы Еркін Жақып.

Сонымен қатар ол мұнда қойылған суреттің әрбірінің артында үлкен оқиға бар екеніне, әрбір фото жанкешті еңбекпен түсірілгеніне тоқталды. Тіпті, фотографтар өміріне қаншама рет қауіп төнсе де мақсаттарынан айнымай, қайталанбас ғажайып сәттерді фотоға түсіретінін айтты.

Табиғат суреттерінің майталман редакторы Кэти Моранның жетекшілігімен әзірленген бұл көрме Майкл «Ник» Николс, Стив Уинтер, Пол Никлен, Беверли Жубер, Дэвид Дубиле және National Geographic-тің басқа да ең танымал фотографтарының суреттерінен құралған. Көрмеге қойылған суреттер фотографияның даму эволюциясын көрсете отырып, фототұзақ, қашықтан түсіру және суасты технологиясы сынды инновациялар қалай фотографтарға тұмса табиғаттағы тіршілік ортасына жол ашқанын көрсетеді. Ұсынылған жұмыстардың әрқайсысында зерттеуші фотографтардың жабайы табиғат пен оның бай фаунасына деген бірегей және қайталанбас көзқарасы көрсетілген.

Ұйымдастырушылар бұл фотокөрмеден Жер планетасын аман сақтап қалу миссиясына бір қадам жақындауды көздейді. «Жануарлар әлемінің ғажайып суреттері» фотокөрмесі Ұлттық музейде 25 ақпанға дейін жалғасады.

Дайындаған:С. Бегімбаева

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4412
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Наурызбек САРША